


БАҚЫТЖАН СОВЕТҰЛЫ



БАҚЫТЖАН СОВЕТҰЛЫ



Әзіл әңгімелер мен сықақтар



Оқу залы

Алматы - 2005

№32837
Аудандық
орталық кітапхана

ББК 84 Қаз 7-7
С 58

Бакытжан Советұлы
С 58 Мен де бірдеңе дейінші — Алматы:
“Информ-А”, 2004 — 96 бет.

ISBN 9965-569-34-7

Кейінгі буын сықақшыларының қатарындағы танымал сатирик-журналшы Бакытжан Советұлының бұл жинағына қаламгердің әр жылдары баспасөзде жарияланған әзіл әңгімелері, сықақ өлеңдер, мысалдар, эпиграммалар және сахнаға арналған интермедиялар мен скетчтері енген. Автордың тілі жатық, шығармалары шымыр келетіндіктен, жеңіл оқылады. Әсіресе, “Курстастар қалжыңы” жазушының студенттік өмірінен ойып алынғандықтан, нанымды да тартымды әсер қалдырады.

Кітап қалың оқырманға арналған.

ББК 84 Қаз 7-7

С 4702250200
00(05)-04

ISBN 9965-569-34-7

© Информ-А, 2005

КҮЛКІН ӘРІ ШЫНАЙЫ, ӘРІ СЫПАЙЫ БОЛСЫН!

1979 жылы Қазақ Мемлекеттік университетінің журналистика факультетін бітіріп, Жамбыл облысы Жамбыл аудандық “Шұғыла” газетіне қызметке бардым. Бардым деймін-ау, қамқорлық жасап шақырған — сол газеттің редакторы Арғынбай Бекбосынов болатын. Шақырған сол кісі болғанымен, қамқорлығына алған оның орынбасары, белгілі бабалар ақыны Совет Әлімқұлов еді. Сырттай біліскенімізбен, араласымыз да, жақындығымыз да жоқ. Табиғатынан балажанды (өйтпесе, балалардың сүйікті ақыны бола ма?) Совет ағам маған ерекше мейірленді. Отыратын жеріме дейін көрсетіп, бәйек болды. Алғашқы журналистік қызметіме, оның үстіне бара сап фельетон жазуға кіріскен едім, қадамыма шын пейілмен жанашырлық жасады. Сақтандыратынын сақтандырып, аттандыратынын аттандырып, жол көрсетті. Кейін де қатты сыйластық. Аңғал, адал, таза шығармашылықтың адамы болды. Оны ұмытам ба?!

Бүгін сол асылдың сынығы, Сәкеннің ұлы, қаламдас інім, өзінің тілімен айтсам, “шәкірт”-ізбасарым-Бакытжан Советұлының шығармаларының ішіндегі төлбасына ағалық батамды бергелі отырмын. Шын пейілмен ырзамын. Ә дегенде кітаптың маған аты ұнады — “Мен де бірдеңе дейінші”. Сондай қарапайым, сондай қазақы және астарында үлкен юмор жатыр. “Арық сөйлеп, семіз шығуға” ұмтылған ұлттық қағида жатыр. Елең еткізеді. Жалпы, мен Бакытжанның сатираның жолындағы, журналистік беталысындағы екпін-қимылын бір кісідей білемін. Білгім кеп жүреді. “Арада” бірге қызмет істегенде де қадамына әрі сын көзбен, әрі шын көзбен қарап жүрдім. Алдаған жоқ. Оған әуелі Совет Әлімқұлов арқылы қарадым, сосын Толымбек Әлімбекұлы боп зерттедім. Екі таразылауыма да жауап бергендей әсер қалдырды. Әңгімені де сол Сәкенді еске түсіруден бастауымның сыры сонда. Ондай қаламгердің ұлы қағыс баспауы керек. Әкесі, бәлкім, Бакытжанның қолына қалам алатынын білмей кеткен шығар. Алайда, оның көзі — біздер Бакытжанға сынмен, салмақпен қарап отырмыз.

Бақытжан сатираның өлең түріне де, проза түріне де жүйрік. Сатирикке ең керегі — байкампаздық, юморлық ситуацияны аңғару, күлкі туатын сәтті калт жібермеу болса, ол Бақытжанда бар. Екіншіден, тілсіз, оның ішінде ойнақы және ұлттық дәстүрді сақтаған тілсіз сатира жазу — бос әурешілік. Тілі бар. Жеңіл, ұғынықты, жатық, самаурынның, тезектің ісі сіңген ауылдың шұрайлы тілі бар. Тақырып тандай білу, қоғамның қозғалысына үн қоса отырып, оның осал тұсын бұрай шымшу — ол да жоқ емес. Батылдық та бар. Өке салған жол да бар. Балалар тақырыбына да юморды сақтай отырып ауыса салады.

Бақытжанның “Мен де бірдеңе дейінші...” дейтін қарапайым ұсынысында қысылыс жоқ, беталысына қуанып отырмын. Бұл қуаныш алдамайтындай ғұмырлы болсын деп тілеймін де, сөзімді автордың өз өлеңі арқылы аяқтағанды жөн деп таптым. Маған әзіл арнапты. Түгел келтірмейін, соңындағы түйініне тоқталсам, менің де миссиям аяқталатын сықылды:

Ұстазым жайлы

Жазғаным дұрыс.

Бітті бір іс, —

дейді Бақытжан. Осы үш жолмен үш адам туралы айтып тұрғандай. Осыны жазып отырған — мен, өзі және оның есебінде жоқ, бірақ мен жазып отырған, — Бақытжанның әкесі Совет Әлімқұлов жайында. Мен де бір ұлы іс — бір іс бітіріп отырмын. Шәкіртім мен ұстазым жайлы ойымды ортаға салдым.

Қанатың талмасын, қалжыңың қалмасын, Бақытжан! Күлкің сирек болса да, ирек болмасын, ол әрі сыпайы, әрі шынайы қызмет атқарсын!

Толымбек ӘЛІМБЕКҰЛЫ,
сатирик.

I БӨЛІМ



ӘЙЕЛДЕР-АЙ!..
(Мұқағали ізімен)

Әйелдер-ай, әйелдер-ай, қандайсың?
Базардан еш қалмайсың.
Сары қарын, қара бала қамы үшін
Қара қапшық арқалапсың әрқайсың.

Әйелдер-ай, әйелдерге обал-ай,
Жүргендерің жәрдемақы ала алмай —
(Қара қапшық арқаладың содан-ай).
Көз жасыңды көрмейді ғой әкімдер,
Қарғыс атқыр, құрсын мына қоғам-ай.

Үйде отырған еркектерді көп дейді,
Ойбай, ойбай, басқа елде өйтпейді.
Әйел деген әдемі ғой, әдемі,
Аяласаң олар өсіп көктейді,
Өйтпесе,
Бала тууды шектейді,
Өспейді қазақ, өспейді.

ЖАР ТАҢДАУ

Қысы 18-22-лер шамасында, бойы 170 см-ден аспайтын,
мінезі жұмсақ, өзі әдемі өмірлік жолдасым болар жар іздеймін.

(Газеттегі жарнамадан)

Өзіме адал жар іздеймін:
Орта бойлы,
Салмақты, ойлы.
Аузы оймақтай,
Кішкене ғана қыр мұрынды.
Өзі бұрымды болса,
Қолы мен аяғында жүн болмаса,
Тал бойында бармақтай мін болмаса.
Общым, ай мен күндей болса,
Жұмысқа шыдамды,
Құш қуаты сарқылмас пілдей болса.
Азанменен тұрып,

Зыр жүгіріп жүріп,
Тірлік істесе,
“Ақанды” татып алмай,
Шампанды да ішпесе.
Ал, мен қаншама “тойып” келсем де,
Ашу шақырып,
Дәу жұдырықпен қойып, персем де,
Ренжуді еш білмесе.
Қайта күлім қағып,
Достардың да тілін тауып,
Барын алдыма тосса,
Сөйтіп, мені қатарға қосса.
Өзі үнемшіл әйел болса,
“Импортный” киім кимесе,
Қытайдікін қанағат тұтып,
Қыдырып көп жүрмесе.
5-6 бала тауып.
Қойды бағып, сиыр сауып,
Отағасы деп үзіліп тұрса,
Алдымнан қия баспай,
Баламыздың “папасы” деп,
Сызылып тұрса.
Аз тамақ ішетін болса.
Мен үшін отқа да,
Суға да түсетін болса.
Базарға да өзі барса,
Бақшаны да өзі салса.
Қысы-жазы дамыл таппай,
Қыруар жұмыс істесе,
Ауырып бүк түспесе.
...Міне, осындай жар іздеймін,
Бір күні өзі келіп,
Есігімді қағар деген
Үмітімді үзбеймін.

Әрине, “қымызды кім ішпейді,
Қызды кім айттырмайды” десек те
“Аяз би әлін,
Құмырсқа жолын” білген жөн-ау.

Әйтпесе, ортамызда мұндай
Есекдәмелілер көп-ау!

АУЫЗ БЕН АСКАЗАН

— Оу, Ауыз,
Сен жалмауыз,
Осы неге бірдеме тістемейсің,
Сонан соң “зуылдап барып,
Асказанға түс” — демейсің...
Мұнда біз — бір рулы елміз,
Сол “ел” аштан-аш өлді ғой!
Қабырға майысып,
Қарын қабысып,
Ішек байғұс бір-біріне “ой, бауырымдап”,
Жабысып қалатын болды ғой!
— Әй, сен, давай, сөзді қой!
Бүгінде тірлік істемегенге —
Тілім нан жоқ!
Ол жағын біліп қой!
Құдайшылығыңды айтшы,
Осы менің
Қолды қаққан жерім бар ма?
Әкелгеніңнің бәрін
Ойдой-й, опырдым,
Өзіңе майдалап бердім де отырдым.
“Мал тапқыш” қол болса, бүгінде:
“Өз күніңді өзің көр” деп отыр.
Сондықтан мен де,
Өзгеріп лезде,
Көрмеген соң көмегің қолдың,
Көпіріп көп сөйлейтін болдым.
Яғни,
Бұрынғы салпы ауызың мен емес,
Кешегі күннің бәрі — елес!
Қазір, құдайға шүкір,
Әлі де жерге қарап отырғаным жоқ,
Шаруа онды,
Алдыма келгенді талғайтын болдым,
Бұрын мен бергеннің бәрін
Жұмырына тыға беруші ең...

Ол дәурен өтті,
Ашысайық бетті!
Қампиған қарын,
Солпиып қалмайын десең,
Бізге енді “заказ” бересің.
Әйтпесе, аштан өлесің!
Сондықтан тірлік істе.
Шайнап берер
Тістен көмек күтпе!
Асап жіберер
Ауызды да ұмыт,
Өйткені, біз
Өз алдымызға
Кеткенбіз “коммерция”

ТӨБЕТ ПЕН КҮШІК

— Аф, аф!
Ау, Күшік,
Осы мен саған танқаламын.
Адамнан қулық аспаушы еді,
Қу Түкен де.
Олардың алдынан кня баспаушы еді.
Ал, сен болсаң,
Үйіне кіріп алдың,
Масыл болып,
Мойнына міпіп алдың.
Қазір бір жанға үрмесең де
Құрақ ұшып алғында
Баласынан бетер мәңгілеп.
Саябақта жүргені сені жетелеп.
Ал, мен болсам,
Оларға адал қызмет еттім,
Күндіз үй,
Түнде кірпік қақпай
Қой күзеттім.
Сөйтіп,
Ит деген атыма адал болдым.
Қожайынға саулық тілеп,
Ыстығына күйіп, суығына тондым.
— Әф, әф!

Ау, төбет!
 Ол заман келмесе кетті ғой.
 Біле білсең,
 Сендердің түптеріңе
 Білместіктерің жетті ғой.
 Бүгінде бар күшік қалада,
 Не бар қаңғып,
 Қой соңында — далада?!
 Сендер ғой ақымақ болдыңдар,
 Қақаған қыста
 Қой соңында тоңдыңдар.
 Күндіз-түні жүгіріп жүріп,
 Арсылдап үріп,
 Ұйқы көрмедіндер.
 Керек десең тышқақ лақты да,
 Қасқырға бермедіндер.
 Сондағы қойың қайсы?
 Бәрі құрып бітті!
 Оны қасқыр емес,
 Адамның қасқыры жеп құртты.
 Бір кезде ауыл береке болса,
 Қазір келеке болды.
 “Ит — тойған жеріне” демеуші, ме еді?
 Сондықтан сен де қалаға тез
 Қоныс теп,
 Бұнда не көп — сүйек-саяқ көп.
 Мүмкін, біреу
 Мүсіркеп, үйіне кіргізіп алар.
 Тілін тапсаң, тіпті,
 Онда шаруа бітті,
 Бетінді сүйіп жалар.
 Ол үшін тек
 Жоныңды күдірейте берме.
 Үретінге — үр,
 Күлетінге — күл,
 Мысық құсап еркелеп жүр!

...Міне, нарық заманы осы,
 Зәлім ит — сұм адамның досы.

ӘРІП ҮЙРЕТУ (нарық әліппесі)

— Ал, балам,
 Жасың 7-ге келді.
 Енді сабаққа барасың,
 Жақсы оқысаң,
 “5” деген баға аласың.
 Мен де сонда сені
 Жақсы көрем,
 Не қаласаң, бәрін әкеп берем.
 Ал, енді,
 Біраз сөзбен таныстырайын,
 Жөн болар білгенің әріп жайын.
 Міне, мынау “А” болады.
 Яғни, “Алтын”, “Асыл”, “Ақша”,
 Бұларды кім мол тапса,
 Мықты азамат болады,
 Түбі сол адам оңады.
 Ал, енді мынау “Ә” деген...
 Не бар еді, құдайым-ау?
 Айтпақшы, “Әкім” екен.
 Ол да бір, балам, зор кісі
 Мықты болады оның ісі.
 Енді “Б” дегенің —
 “Байлық” қой,
 Кім бай болса,
 Соның тамағы тоқ болады,
 Киімі кок болады,
 Қайғысы жоқ болады.
 Осы жағын біліп қой,
 Әрі-қарай қайсысы еді?
 Әй, құрысыншы, жетер енді.
 Бола бермейінші арамтер,
 Басқасын мұғалімнің үйретер.
 Сол үшін ол
 Ақша алады ғой.
 Бұны да, балам,
 Біліп қой...

БОЛАШАҚ БАЛА

— Папа-ау!
— Ау, балам?
— Анау не?
— Ол мектеп қой.
— Мектеп?..
— Иә, мектеп,
Кішкене өсші ептеп.
Келер жылы сонда барасың,
Он жыл оқып, білім аласың,
Сонан соң институтқа түсірем!
— Онда не істеймін?
— Тағы оқисың.
Бес жыл оқып,
Зердеңе білім тоқисың.
— Папа-ау!
— Ау?
— Бірдеңе айтсам,
Ұрыспайсың ба?
— Жо-жоқ, құлыным.
Саған ұрысқанша,
Неге жұлынбайды менің жұлыным.
— Менің оқығым келмейді!
— А, не дейді?!
— Оқығым келмейді деймін,
Оданша рәкет боламын.
“Тойота” мініп,
Әйәй әйел аламын.
— Не, ғалым болғың келмей ме?
— Ғалым?! Ол кім?
— Ол мына мен,
Сенің өкен!
— Жо-жоқ!
Мен сіз сияқты болмаймын,
Керегі жоқ, оқуыңа бармаймын!
— Неге?
— Өйткені, сен жаяу жүресің,
Тек үй мен жұмысты ғана білесің.
Ал, рәкеттер өйтпейді.
Әдемі машина мініп жүйткіді.
— Қой, балам,
“Жақсы сөз — жарым ырыс”,

Рәкет дегенің атыс-ұрыс.
Ал, сен болсаң,
Азамат болуға тырыс.
Жарай ма?

* * *

Осы жерде әкесіне өкпелеп,
Бұртиып қалды бала.
Заман солай болса,
Не шара...

БИЗНЕСКЕ БАУЛУ, немесе БАЛАҒА ӘРІП ҮЙРЕТУ

Балам әріптерді білесің бе?
Енді ер жеттің,
Дайындал мына өмірмен күресуге.
Біле білсең,
Бізге “оқы және оқы” деп,
Қақсап келді.
Өйткені, білімсіздер
Ақсап келді.
Ол кезде оқымағандар оңбайтын,
Кеудесін керіп те жүре алмайтын.
Ал, қазір рахат қой,
Оқымай-ақ адам боласың,
Зыр жүгірсең оңасың.
Бүгінде оқымыстылардың есі жоқ,
Не ішерге асы, не киерге киімі жоқ.
Жүрген бір бейшара,
Әйтеуір рухани тоқ.
Оларға не дерсің?!
Өздеріне жақсы болса,
Жүре берсін.
Ал біздер ұйтпейміз,
Жүгіріп жүріп,
Тірлігімізді күйттейміз.
Мәселен, мен бір мекемені басқарам,

Сол үшін де қыруар ақша алам.
Өзім ашқан фирмам бар,
Яғни, жекеменшікпін.
Не екенін білесің бе, жекеменшіктің?
Жарайды, өскесін бәрін
Үлетін боларсың,
Үйткені, сен болашақ қожасың!
Сондықтан осы кезден,
Өз ісіңе тас-түйін бол.
Ешкімге есенді жіберме,
Саған айтар ақылым — сол!
Ал бірақ әріптерді білгенің жөн,
Әйтпесе, байлығың,
Тістегеннің аузында,
Үстағанның қолында кетеді,
Сөйтіп, түбіңе білместігің жетеді.
Кейінірек санауды үйретем,
Қайтсем де сені миы етем!
Ал, қане, бастайық сабақты,
Кел, отыр қасыма,
Кейін ішерсің тамақты.
Мына әріпті білесің бе?
Бұл — “А” болады,
Яғни, “Ағдам” деген арақ.
Жалпы, біздің сабақ
Сол араққа байланысты.
Айтқанымнан шықпай,
Айдауыма көн.
Мына заманда,
Арақтың атын білгенің жөн.
Бітірерсің сонда мың істі.
Жарайды, ары кеттік,
Келесі әріп “Ә” болады,
Бұған тоқталмайсың.
Себебі, ол
Жатып ішер жан болады.
Сонан кейін “Б” болады,
Яғни, “Барматуха” —
Оны маскүнемдер ішеді.
Сен оған жолама,
Қадірің бірден түседі.
Сонан соң “В” — “Вермут”,
Оны алуға болады,

Ол өзі — құт.
“Г” — “Горбачев”,
КСРО президентін білесің бе?
Бұның оған қатысы жоқ.
Зато, пайдасы көп.
“Ғ” әріпін аттап өтейін,
Арақтың аты жоқ көй,
Тоқтамай-ақ кетейін.
“Д” — “Дагестан”,
Бұл арақ та жаман емес,
Бірақ оған тоқталмаймыз,
Өйткені, ол өтімді тауар емес...

* * *

Осылайша әкесі есіп отыр,
Коммерсант боласың деп бөсіп отыр.
...Ал түкке түсінбеген баласының
Көкейін ұйқы тесіп отыр.

ДОМБЫРА МЕН СКРИПКА

— Ассалаумағалейкум, Қобыз!
— Қобыз?
“Қобызың” не, ей, Доңыз?!

— А, кешіріңіз, сонда сіз кімсіз?
— Батыстың саз аспабы —
Скрипка дегенің мен болам.
Шопен, Бетховен, Бах та
Өлмес туындыларын сомдаған.
Ал, сен кімсің?
Мұнда қайдан жүрсің?
— Мен өз елім, өз жерімде тұрмын,
Қазақтың өлмес рухында жүрмін.
— Сен бе?
— Иә, мен!
“Қос ішектің бірін қатты,
Бірін сәл-сәл кем бұра.
Қазақ, нағыз қазақ емес,
Нағыз қазақ — Домбыра!”

— А, Құрманғазы мен Әміреңін
Көзі екенсің ғой.
Тіпті,
Өнерге талғамы мықты
Француздарды мойындатқан.
Нағыз мықтының өзі екенсің ғой!
— Иә, иә.
Мың өліп, мың тірілген қазаққа
Серік болған домбырамын.
Хан баласы өлгенде,
Естіруге келгенде,
Шындықты айту тыйылса да,
Көмейіме ыстық қорғасын құйылса да.
Араша түсіп халқыма,
Өз-өзіме берік болған — Домбырамын
— Бірақ сен “Конгресс холда”
Болмадың ғой,
Бірде-бір сыйлық алмадың ғой?!

— Қандай сый, қандай холл?
— Меценаттар тағайындаған “Тарлан”
Саф алтыннан құйылып,
Көздің жауын алған.
— Мен онда болғам.
Еңбегім бағаланбаған соң,
Жанарыммен жер шұқып қалғам.
— Қазақтарға сінбесе де еңбегім
Маған “Тарлан” бергенде,
Өз-өзіме сенбедім.
Әйтсе де, барлығыннан
Биік тұрғанымға ерледім!
— Иә, несін аптасын.
Сен жігерімізді күм еніп жерледің!
Өз елімізге бағаланбаған соң еңбегім
Қазақ рухымен бірге өлгемін!
Тәубе етерім тек сенің
Шыққан жерің — Шығыста.
Қобыздан бастау алған
Көшпенділерінді ұмытпа!

Тегін ұмытқан — Тексіз,
...Қазақ үшін
Домбыра құдіреті шексіз!

ТҮРМЕГЕ ТҮСІП ҚАЛҒАНЫ...

— Мынауың не — тұрысың?!

Бұйткен күнің құрысын!
Тапқан ақшаң азғантай,
Оңбады ғой бір ісің.
Ана көрші жас бала,
Тапқанын айтпа, масқара...
Білдей өзі коммерсант,
Құйылып жатыр ақша да.
Астында аппақ “Волгасы”,
Бизнесмен кілең жолдасы, —
Деп айқайлап әйелі
Күйеуіне ұрысты:

— Таста, — деді, — жұмысты.
Баста, — деді, — тың істі.
“Ресей менен Қытай бар,
Қалтаңа ақша салып ал,
Өтімді тауар сатып ал.
Жас бала құрлы жоқсың ба,
Ұяттың бәрін жиып қой,
Мәселенің барлығы,
Ақшада екенін біліп қой.
Біз де бизнесмен болайық,
Мәшина сатып алайық,
Көлдей шалқып қалайық”.

Шаңқылдап күнде қатыны,
Мазаны әбден алған соң
Күйеуі тастап жұмысты,
Коммерсант болуға тырысты,
Көбейтіп енді жүрісті,
Қытай кетті қыдырып,
Ресей кетті жүгіріп.
Күн-түн тыным таппады,
Үйіне де қонбады,
Сонда да ақша болмады,
Ісі де бір оңбады,
Зыр жүгіріп жүргенде,
Түрмеге түсіп қалғаны...

...Баланы өзі баға алмай,
Нанға ақша табалмай,
Бүгінде әйелі жылап жүр,
Құдайдан кешірім сұрап жүр...

Қанағат, рахым болмаса,
Байлық деген — далбаса.

ҚЫЗҒЫШ ҚҰС (Махамбетше)

“Ау, Қызғыш құс, Қызғыш құс,
Қанатың қатты, мойының бос”,
Партиядан айырылып,
Жұмыссыздықпен болдым дос.
“Сені көлден айырған
Лашын құстың екпіні”,
Мені ақшадан айырған
“Демократтар” тепкіні.
Сенің көлің суалды
Менің жерім қуарды.
Айтшы сонда, қызғыш құс,
Кім жылап, кім қуанды?
Жеріміз де бөлінді,
Еліміз де бүлінді.
Саудагер мен коммерсант
Көкке ұшырар күлімді.
Қалықтап ұшқан, Қызғыш құс,
Кім түсінер мұнымды.
Саған айтып отырмын
Іштегі бар сырымды.
Қызғыш құс-ай, Қызғыш құс,
Жақсылыққа апарар
Жылт еткен бір сәуле жоқ.
Ішқұса боп отырмын,
Көңілімде күдік көп.
Екеуміз де жабырқау,
Басшылар болса — саңырау
Түсінсеңші сен мұны,
Қалықтап ұшқан, жаным-ау.
Ау, Қызғыш құс, Қызғыш құс,
Қона алмай көліңе
Көңілің күпті сенің де.
Түңіліп мына өмірге,

Жүрісім мынау менің де,
Молт-молт етіп жанарың,
Несіне маған қарадың.
Қолдан келер дәрмен жоқ,
Көмектесер, қарағым.
Нарық болмай өнерім,
Алақан жайып жөнелдім,
Шыдамның да шегі бар,
Бір күні нансыз өлермін.
Қызғыш құс-ау, қызғыш құс,
Сонда мені көмер кім?!

ПАТША АҒЗАМ ЖАРЛЫҒЫ

мысал

Аң патшасы Арыстан
Жинап барлық аңдарды,
Өз ойын ортаға салған-ды.
— Шындықты айтпай болмайды,
Сендерге көңілім толмайды.
Орманда меніреу тыныштық:
Қалықтап ұшқан құс та жоқ,
Жортып жүрген аң да жоқ,
Налитын бұған жан да жоқ.
Барлығы да бүкшендер,
Бетке тіктеп қарамай.
Жаныңа, тіпті, жоламай,
Қашады-ай кеп, қашады-ай.
Жоқ, достар, бұлай болмайды,
Жаман сөз жерде қалмайды.
Бетке айтпай сыпылдап,
Сыртыңнан айтса, сол қайғы.
Ендігі жерде саспайық,
Қайта құрыла бастайық.
Сондықтан беремін жарлық:
Ешкімге болмасын тарлық.
Бетке басып айтындар,
Қалмасын іште сын барлық!
Сен, Жолбарыс, жортып жүр,
Барлық аңның халін біл,
Ештеңеден қысылмай,

Шындықты айтып еркін жүр,
 Бәріне қояр осы шарт,
 Әділетті жолмен тарт!
 Бүкшендеу деген болмасын,
 Сәби болсын, мейлі, қарт!
 Естігенде бұл сөзді,
 Барлық аңдар қуанды.
 Патша ағзам жарлығын
 Орындауды күп алды.
 ...Содан өтті көп айлар,
 Өтіп жатты жылдар да...
 Бірақ шындық болмады,
 Арыстан да оңбады.
 Өз тағымен тайғақтап,
 Кете барды жан сақтап.
 Әділет деген жалғанда,
 Айтшы осы болған ба?!
 Тыныштық та бұзылып,
 Соғыс та болды бұл манда.
 Түр-түсіне бөлініп,
 Тарап та кетті аңдар да.
 Жолбарыс болса, үрпип,
 Тыныш отыр қылтиып.
 Қасқыр, түлкі жортты кеп:
 “Ай-хойлатып жүретін
 Осы заман мықты” деп.
 — Ал басқа аңдар ше?
 — Олар ма?
 Өмір сүріп жатыр олар да,
 Бұрынғысынан бетер бүкшендеп...

ҮНДЕМЕ, СЕРІК, ҮНДЕМЕ!

*Шіркеу салған сүңгіден
 Көк аспаным шұрқ тесік.
 ...Отырам ба намазға,
 Шоқынам да қайтемін.*

(Серік Томанов)

Үндеме, Серік, үндеме!
 (Оңай емес бізге де).
 Көк тіреген креске,
 Көз жұмайық, дым деме.

Шұрқ тесілсе, аспаның,
 (Аман болсын жас жаның).
 Шіркеуге бар да шокын да,
 Тілеуін тіле басканың.

“Ораза-намаз — тоқтықта”,
 Не қыласың жоқтықта.
 Шіркеуге шеру тартайық,
 Қайырлы жан көп мұнда.

Кришнаға кіргендер,
 “Қрышасы” кетті дейсің бе?
 Иеговаға барғандар,
 Имансыздар дейсің бе?

Өз елі, өз жерінде,
 Ашқұрсақ жүрсе не дейсің?
 Қалың елім, қазағым,
 Аман болсын дегейсің!

Үндеме, Серік, үндеме!
 Қайғысыз бізді жүр деме.
 Еңсесі төмен мешіттің—
 Оңай емес бізге де...

БЕЙІМБЕТ МАЙЛИНШЕ

Кеше:
 — Уа, кімсің?
 — Хатшымын.
 Халқыммен жақсымын.
 Ауыл деген береке ғой:
 Маңыраған мал да,
 Егін де, жер де,
 Бәрі, бәрі осы елде!

Бүгін: ...
 — Уа, кімсің?
 — Әкіммін!
 Халқыма “жақынмын”,
 “Заман түлкі болса,
 Тазы болып шал” деген —
 Мен де қулығымды асырдым:
 Социализмде коммунист-хатшы едім,
 Енді, міне, әкім болып,
 Бетпердемді жасырдым.
 Ахуал қалай дейсің бе?
 Құдайға шүкір, жаман емес,
 Бұрынғыдай қорқатын заман емес.
 Жиып-теріп біткен соң,
 Астанада үй алып,
 Машина мінсем деймін,
 “Жигулиді” тастап,
 “Тойотамен” жүрсем деймін!
 Мал дейсің бе?
 Малды маңыратпай,
 Бәрін “бартер” қылдық,
 Көкелеріміздің,
 Құлқынына беріп тындық,
 Егін бе?
 Несін айтайын,
 Баяғыдай болмаса да,
 Егеміз, орамыз,
 Өнімді де аламыз.
 Бірақ бәрін жанармай үшін,
 “ШНОС-қа” бере саламыз.
 Ал, өзіміз сол —
 Үй мен машиналы болып қаламыз.
 А, халық па?
 Халық жүріп жатыр,
 Өлмеген соң, тірі әруақ боп,
 Өмір сүріп жатыр.
 Солай, қалқам.
 Біздің былығымызды кім біліп жатыр,
 ...500 теңге алған жемқорлар
 Сотталып, құрып жатыр.

САНАМАҚ

Бас бармақ,
 Жұмыс сенен басталмақ,
 Базарға тез барып қайт,
 Орыс арағын алып қайт.
 Таза екеніне көз жеткіз,
 Айқайласып сөз өткіз.
 Әйтеуір қайтсен де,
 Арзанға алуға тырыс.
 Мейлі, ұрыс, мейлі, жұлыс.

Балалы үйрек,
 Қашанғы жүресің билеп,
 Кіре ме өзің ес,
 Алсам ба екен түйреп?!
 Әй, бірақ түбі сен,
 Коммерсант боларсың.
 Болсаң бол,
 Бәрінен озарсың.

Ортан терек,
 Бойың ерек,
 Ойың таяз,
 Доп қуалып жүрсің әлі,
 Сен спортшы болсаң жақсы.
 Бола алмасаң,
 Әй, құрысын бәрі,
 Сен одан да дәл қазір,
 Дүкенге зулап барып қайт.
 Түрлі-түсті шараптарды,
 Шетелдік небір арақтарды
 Мына ақшаға алып қайт.

Шылдыр шүмек,
 Сен жүгірмек,
 Сор болдың ғой басыма,
 Қулық-сұмдық үйренбейсің,
 Қанша ерсең де қасыма.
 Ал, жарайды, шампанға бар,
 Міне, ақша, аузыңды ашпа,
 Жоғалтып алып, қара баспа,
 Көрнектісін сатып ал.

Кішкене бөбек,
 Сені есіркеп,
 Оятпадық тұра ғой.
 Шөлдедің бе,
 Ішсең, міне,
 “Шымкентский” сыра ғой.
 Айналайын осы балам,
 Айнымайды әкеден.
 Сондықтан жақсы көрем,
 Бір мәшине әперем.

8-НАУРЫЗБЕН ҚҰТТЫҚТАУ

— Ық... Ық...
 — Не,
 Тағы да тойып келгенсің бе?
 — Біз нетіп...
 Сендердің мейрамдарыңды жудық,
 — Көріп тұрмын қалай жуғаныңды,
 Баға алмай жүріп қу жаныңды,
 Мейрам сенің не теңің?
 Бітті!
 Төркініме кетемін.
 — Жаным!..
 — Сөйлем, қайнап тұр қаным,
 — Күнім, жұлдызым менің!
 — Кет әрмен,
 Көрмеймін түрінді сенің.
 — Міне, мен саған гүл әкелдім!
 — Гүл?
 — Иә, гүл!
 Құлпырып жанымда жүр!
 — Мынауың не?
 — Ық... Ық... Гүл ғой.
 — Гүл екенін көріп тұрмын,
 Неғып екеу?
 — Ық... Ық... біз нетіп... жудық.
 — Жудық? О, сұмдық!
 Тірі әйелін өліге санап,
 Әдейілеп алғансың ғой екеуін қалап.
 Сонан соң, әрине, жудың,

Іштей мені жерлеп тұрдың.
 Солай-ма?
 — ...
 — Неге үндемейсің,
 Айт, шыныңды қалайда!
 — Жо, жоқ.
 Ақшам екеуге ғана жетті.
 Баскасы “жууға” кетті.
 Тіпті, елдің еркегі,
 Бір-ақ гүл алып жатыр.
 Ұялмай-ақ сонымен,
 Әйелдерін “поздравить” етіп,
 Ұйлеріне барып жатыр.
 Ал мен болсам,
 Ақшамды экономдап қалдым.
 Сен қуансын деп,
 Бірден екеуін сатып алдым.
 ...Ық... Ық...

ЖҰБАТУ

*Әлди, әлди, ақ бөпем,
 Ақ бесікке жат, бөпем.
 Жылама, бөпем, жылама,
 Жілік шағып берейін.
 (Халық өлеңі).*

Әлди, әлди, ақ бөпем,
 Бесіксіз-ақ жат, бөпем.
 Жылама, бөпем, жылама,
 Жылағанмен бола ма?
 Жілік іздеп келейін,
 Итті андып көрейін.
 Тартып алып аузынан,
 Өзіңе шағып берейін.
 Қасарысып бермесе,
 Аузынан бір тебейін.
 “Арс” етіп ол тістесе,
 Арсыздығын істесе,
 Нар тәуекел көрейін.

Әлди, әлди, ақ бөпем,
Сауысқаннан сақ, бөпем.
Бұрынғының баласы,
Ұйықтаушы еді балбырап
Бесікке бір бөлесен,
Жатушы еді маужырап.

Әлди, әлди, ақ бөпем,
Мазаны алмай жат, бөпем.
Бұрынғының баласы,
Емуші еді құйрық май.
Бүгінде оның құрығаны-ай,
Не боп кетті заман-ай?
Мынау, міне, резеңке,
Еме бер тек “шыр” деме.
Қуаты жоқ бірақта,
Алдамшы ғана бірдеңе.

Әлди, әлди, әлдиім,
Болмай отыр жай-күйім.
Саған берер сүтім жоқ,
Маған да еш күтім жоқ.
Өкпелеме сондықтан,
Көре бер бұның барлығын
Бүйірді қысқан нарықтан.

АРАҚ ПЕН ЛИМОНАД

Бір күні тойда
Арақ пен Лимонад кезігіп қалды:
— Сен кімсің? — деді Арақ.
— Лимонадпын.
— Естісем, құлағым керең болсын
Сен сияқты “жын-ойнақты”...
— Жо, жоқ, біз мөмынбыз....
— Сонда градусың қанша?
— Градусымыз жоқ, тәттіміз,
Әсіресе, балалармен жақсымыз.
— Үлкендер ішпей ме?
— Ішуін ішед,
Кейбірі ішкен сайын

Құныға түседі
Бірақ біз мас қылмаймыз,
Ешкімнің жағасын жұлмаймыз.
— Біреудің мұрнын қан қылмасаң,
Жағасын жыртып жұлмасаң,
Момындарды тоқпақтап ұрмасаң,
Несіне бөтелкеде тұрсың?
— Құдай сені төбеннен ұрсын!
Бетің әрмен өзіңмен құрысын.
Мен адамдарды сыйлаймын,
Жамандыққа оларды еш қимаймын.
— Ой, ақымақ,
Олар сені сыйламайды ғой,
Бір-біріне “іш-іш” деп қинамайды ғой.
Ал мені “ал, давайдан” бастайды да,
Қотара ішіп тастайды.
Сонан сөң,
Көздері қызарып шыға келеді.
Бірін-бірі, әйда, кеп сөгеді, тебеді.
Әйтеуір, не керек, арт жағында
Қалжырап барып “өледі”
— Сонда өз ісіңе қызармайсың ба?
— Жо, жоқ, атай көрме,
Қайта одан ләззат алам,
Әдейілеп мае қылып, сойып салам.
— Ал молдіреген көзің ше?
Тост алдындағы қызыл сөзің ше?
— Барлығы айла ғой,
Ішкі есеп пен пайда ғой.
— Неткен зымиян ең, оңбаған!
Сен сияқты өсте мен бөлмағам,
Адамдарды татулыққа шақырып,
Әрдайым ауызбіршілікті қолдағам.
— Бөтелкеде тұрған соң
Туысым ба деп қалсам...
Жолымыз бөлек екен ғой!
— Құдай сақтасын!
Сен тұрған бөтелке —
“Жын-ойнақтың” мекені!
Ал менің ниетім —
Салауаттылық екенін.
Ұмытпа!
Соны қолдап,
Өмір бойы өтемін!

ЕСЕП БІЛМЕГЕН ЕСЕК

немесе қосуды үйрету

- Бадырақкөзов!
- Мен.
- Бірге бірді қосшы?
- Екі.
- Ой, молодец,
- Отыр бес!
- Сужукпасов!
- Мен.
- 3-ке үшті қосшы?
- Бес.
- Ой, кеңкелес,
- Дұрыс емес.
- Мәселен, сенде 3 алма бар,
- Жаныңдағы Қасым
- Санап сені досым,
- Тағы 3 алма берді.
- Сонда қанша алма болады?
- Алма қолыма толады.
- Толғанын айтып тұрғаным жоқ,
- Санын айт деймін.
- Жеті.
- Отыр, екі.
- Бөксебаева, қане, сен
- Айта қойшы.
- Әпкей, Қасым маған алма бермейді.
- А, не дейді?
- Алма бермейді деймін.
- Қайдағы алма?
- Сіз айтқан 3 алманы айтам.
- А, ол жай мысал ғой,
- Жарайды, саған 3 алманы
- Жанар берсін,
- 3 алманы Анар берсін.
- Әпкей, Жанар берсе де,
- Анар бере қоймас.
- Неге?
- Өйткені, ол өзі
- Қанша жесе де тоймас.
- Мейлі, бермесе, бермей-ақ қойсын
- Өзі-ақ жеп тойсын.

Мен саған басқа мысал айтайын,
Ал, сен болсаң түсініп ал сөздің мән-жайын.
Үш алма сенде болсын дейік,
Үш алма сенде болсын дейік.
Екеуміз де оны Ерікке берейік,
Кәне, шешіп көрейік.
— Әпкей, мен Ерікке бермеймін.
— Неге?
— Өйткені, ол мені ұрад,
Үзілісте шашымнан тартып, қуад.
Одан да мен Серікке беремін.
— Әпкей, маған керегі жоқ,
Онсыз да қарным ток,
Үйде алма көп.
— Әпкей, онда маған берсінші?
— Менің де жегім келеді.
— Жә, шуламандар,
Бәріңе береді.
— Жо, жоқ, әпкей, өзім-ақ жеймін
Өзімнің де жегім келеді.

ӘЛІН БІЛМЕГЕН ӘЛЕК

мысал

Бір күні трактор
Аяғы астынан ашуланып,
“Бүйтіп мен оңбаймын” деді,
“Өмір бойы
Жай жүре алмаймын” деді.
“Менің де машина деген атым бар —
Жарыссам, тіпті,
“Волгаңнан” да қалмаймын”, — деді.
Сойтіп,
Намысқа тырысып, тырылдады,
Трактор өзін, трактор емес,
“Волга” сезініп, зуылдады.
Бірақ,
Мықтының аты — мықты —
Трактордың жанынан “Волга”
Зу етіп,
Озып өте шықты.

Бұған ашуланған трактор
 Жыны қозып,
 Оталмай тұрып алды.
 Жүрмеген соң оңа ма?
 Арып-тозып,
 Болттары да шикылдап
 Босап қалды.
 Шебер болса, күдерін үзді,
 Оталмаған соң бұны
 Тас-талқан етіп бұзды.
 Сөйтіп, оны —
 Талан-таражға салды.
 Абыройынан айырылған трактор
 бөлшектеңіп кете барды.

* * *

Өлін білмеген — әлек,
 Әркім өз жолын білу керек!

ҚЫЗ ҚИЯЛЫ

Oh, шіркін!
 Менің болашақ жарым —
 Өзімді сүйетін, жаным.
 Толегендей сұлу,
 Баяндай батыр болса!
 Менің төркініме көл-көсір
 Өз ағайын жұртына
 Кәпір болса.
 Ақшаиы үсті-үстіне
 Таба берсе,
 Алтын мен күмісті
 Ала берсе.
 Үйіміз дүниеге сыймаса,
 Жақұт пен жауһарлар ғана жинаса.
 Қыздарға козін сүзбесе,
 Тек “сен” деп, жүрегі мені іздесе.
 Мен қыдырып жүргенде,
 Бақыттан басым айналып күлгенде,
 “Подружкаларым” қызғанып,

Дұшпандарым сызданып,
 “Өліп” кете жаздаса.
 Ал, бізге Құдай
 Бергенінен жазбаса,
 Бай болып,
 Төрт құбыламыз сай болып,
 Өмір жалғаса берсе, жалғаса...

* * *

“Кедей — бай,
 Бай — Құдай болсам”, — дейді ғой,
 Қыз қиялы не ойласа да
 Мейлі ғой.
 Тек әркімнің өз жолы бар:
 “Тандаған — тазға жолығар!”

БИЗНЕСМЕН

— Сен кімсің?
 — Мен бе, мен — бизнесменмін!
 — Бизнесмен?
 — Иә, бизнесмен дегенің — мен!
 — Сонда не істейсің?
 — Барлығын!
 — “Сегіз қырлы, бір сырлы” болдың ғой?
 — Сырым да, қырым да жоқ,
 Зато, тамақ — тоқ, ақша — көп.
 Барамын деген жеріме барамын,
 Аламын дегенімді аламын.
 — Ә, алыпсатармын десеңші...
 — Алыпсатарың не?
 Жаңа айттым ғой “бизнесменмін” деп.
 — Енді түсіндірсейші ептеп.
 — Жанар-жағар майды өткізіп,
 Жеңіл көлік жеткізіп,
 Үстемелетіп сатамыз —
 Сөйтіп, қарық боп жатамыз.
 — Ауырдың үстімен,
 Жеңілдің астымен жүрген
 Қу болдың ғой,

Халықты сүлікше сорған
 Сұм болдың ғой.
 — Оу, ағасы,
 Абайлап сөйлеңіз!
 Әншейінде әкірендейтін
 Әкімдер де
 Біздің арқамыздан қағады,
 “Елдің мақтанышы” деп,
 Қас-қабағымызды бағады.
 Өйткені, біз оларға
 Майлы жілікпіз...
 — Е, онда түсінікті!
 — Не десен, о де,
 Менің ісім мықты.
 — Арғы жағын айтпасаң да болады,
 Сендерге сенген халқым қалай оңады?

ӘКЕ МЕН БАЛА

2-түрі

— Папа-ау...
 — Ау...
 — Анау не?
 — Ол ма, ол — кафе.
 — Онда не істейді?
 — Тамақ ішеді.
 — Сонан соң?
 — Сонан соң арақ ішеді.
 — Сонан соң не істейді?
 — Қызарып, мастанады,
 Колгірсіп мақтанады.
 — Сонан соң?
 — Сонан соң не болушы ед —
 Тобелес басталады.
 — Папа-ау...
 — Ау...
 — Кафе жаман ба?
 — Жаман деуге болмайды,
 Бірақ оны көп жағалаған
 Адам оңбайды.
 — Папа-ау...

— Ау...
 — Анау не?
 — Ол ма, ол — казино.
 — Казино? Онда не істейді?
 — Ойын ойнайды.
 — Кімдер?
 — Кімдер болушы еді үлкендер.
 — Сіз де ойнадыңыз ба?
 — Ойнағанда қалай,
 Ұтылдықы қой талай.
 Ақшаның салып бәрін —
 Мүшкіл болған халім.
 — Папа-ау...
 — Ау...
 — Мен де ойнайыншы
 — Төйт!
 Бұл райыңнан қайт!
 — Неге?
 — Ол — жаман ойын,
 Жете бермейд оған ойың.
 — Сіз сияқты папа болғанда,
 Жұмысқа тұрып, миым толғанда
 Ойнауға бола ма?
 — Болмайды.
 Оны ойнағандар оңбайды.
 — Сіз ше?
 — Мен басында білмедім,
 Енді міне, қалта тесік жүргенім.
 — Папа-ау...
 — Ау...
 — Анау не?
 — Ол ма, ол — сауна.
 — Сауна?
 — Иә, сауна.
 — Онда не істейді?
 — Шомылады.
 — Кімдер?
 — Үлкендер.
 — Біз ше?
 — Сендерге монша да жетед.
 Саунаға барған бала
 Бассейінге батып кетед.
 — Папа-ау...

— Ау...
— Тәтелер де ағайлармен бірге түсе ме?
— Тәйт, қайдағы тәтей?
— Анау отырғандарды айтам
— Ах, шайтан?!

Ашуланған әкесі
Не дерін білмей өлек,
Көзге түскенін сұрайтын
Балаға бір жауабы керек.

ЕГЕР ДЕ МЕН...

Егер де мен депутат болсам:
Ұйқыны қоямын,
Жұмыссыздықты жоямын.
Жемқорлардың желкесін үзіп,
Сыбайластарды соямын.
Жазықсыздарды ақтатамын,
Пара беруді тоқтатамын.
Әділ билік орнатып,
Содырларды соттатамын.
Шөлейт жерді сулы етемін,
Мидай жерді нулы етемін.
Аш адамды тоқ етемін,
Қайғысы жоқ етемін.
Ауылды гүлдендіріп,
Аз халықты көп етемін.
Қарттар үйін жапқызамын,
Әйелдерді егізден тапқызамын.
20 миллион не, тәйірі,
Қазақты 40 миллионға жеткіземін!
Жетпесе,
Қара қытайды шекарадан өткіземін.

...Ит үреді керуен көшеді,
Құдай қаласа,

Қазақтың саны да өседі.
Кейбір депутаттар бар —
Осылайша бөседі...

ӨЛУТЕ ДЕ ОЧЕРЕДЬ

Махамбетше

Мен, мен, мен едім,
Социализм кезінде
Еңіреп жүрген ер едім,
Қай ұлтыңнан кем едім.
Барлығымыз тең едік.
Макаронға қарамай,
Оны тамақ санамай,
Қазы-қарта жеп едік,
Маң-маң басқан ел едік.
Ал, бүгінде кім болдым?
Нарық басқан заманда
Аласұрған жын болдым,
Жын болмағанда кім болдым?
Ақшаның көрмей түрін де,
Жүргенім мынау бүгінде.
Ішімде ит олпендей,
Шұқырайды бой бермей.
Өлермін-ау түбінде.
Шалажансар қазақтың,
Көрдік қой көбін азаптың.
Өлмей-ақ, міне, аруақ боп,
Отына күйдік тозақтың.
Тілеуімізді тәңірім
Бү дүниеде бермесе,
Коз жасымды кормесе,
О дүниеге барғанда,
Пейіштен орын алғанда,
Өксігімді баса алмай,
Қарғыс айтармыз жалғанға!
...Ал, әзірше аруақ боп,
Жүре тұрайық қанбақ боп.
Өлуте де "очередь"
Тұрғандар коп ол жаққа
Кезектен тыс бармақ боп.

ҰЗЫН СӨЗДІҢ ҚЫСҚАСЫ

Бастығы қызметкеріне:

- Сенің осы арақ ішпей жүретін күнін бола ма?
- Болады.
- Ол қай күн?
- Сенбі мен жексенбі.
- Сонда қалай?
- Ол күні мені әйелім үйден шығармай, киімімді тығып, қамап қояды.

Әйелі күйеуіне:

- Сүйіктім, сен алтын сырға алып беремін деп едің ғой.
- Қашан?
- Осыдан бір ай бұрын.
- Ә, ол үйленбей тұрған кезіміз еді ғой.

Директор әйел қарамағында істейтін күйеуіне:

- Бүгін үйге нан алып қайтуды ұмытпа.
- Мен осы кіммін, сенің күйеуіңмін бе, жоқ па?
- Үйде күйеуіңсің, ал, мекемеде жұмысшысың. Бар, айтқанды орында!
- Қап, қазір үйге келерсің.
- Сен де ертең жұмысқа қайтып келетініңді ұмытпа!

Орыс пен қазақ базарда қайыр сұрап бірге тұрады. Қол жайып, бетін сипап тұрған қазақтан гөрі, шоқынып тұрған орысқа біраз ақша түседі. Сонда орыс қазаққа:

- Ей, қазақ, сенің бауырларың тасжүрек-ау деймін. Саған жаны ашып, ақша тастайтындары тіпті аз ғой.
- Несін айтасың, олар мейірімді болса, өз елімде сенімен бірге осылай тұрар ма едім.

Екінші дүниежүзілік соғыс бітіп, орыстар жапондықтарға қарай жылжиды. Жапон офицері бас қолбасшысына:

- Бас қолбасшы, орыстар өлген-тірілгеніне карамай “уралап” жүгіріп келеді.
- Жүгірістері қалай, түзу ме?
- Жоқ. Немістермен соғыста әбден машықтанып алса керек, ирелендеп жүгіргенде оқ тигізер емес.
- Онда берілеміз.
- Түсінбедім...
- Түсінбейтін несі бар, олар бәрібір жеңбей қоймайды.
- Қалайша?
- Өйткені, олар — удай мас.

Әйелдерінің аяғы ауыр екі жігіт озара әңгімесінде:

- Осы сен балаңның қай күні дүниеге келгенін қаламас едің?
- Әрине, 29 ақпанда.
- Неге?
- Енді балаңның туған күнін төрт жылда бір-ақ рет тойлау деген масқара емес пе?
- Ал сен ше?
- 1 сәуірде.
- Неге?
- Өйткені, мен ол күні әйелім босанады дегенге сенбей қоюым мүмкін ғой.

Милиция саудагерге:

- Осы сен арақ сатып тұрсың ба?
- Жоқ.
- Неге сатпайсың?
- Сіз ол үшін жауапқа тартасыз ғой?
- Тартпаймын.
- Онда айыппұл аласыз.
- Жоқ. мен арақ аламын.

Қатты иықпен күйеуіне ренжіген әйелі жатып қалады. Не істерін білмей жүрген ол баласына келіп:

- Балам, айтшы, осы мен кіммін?
- Әкемің.

- Ақымақ, мен журналиспін, қоғам қайраткерімін!
- Ал, анау жатқан кім?
- Адам.
- Ақымақ, ол — үйкүшік түсіндің бе?
- Ал, айта қойшы, мен кіммін?
- Ақымақсың.

* * *

Шахмат ойнап отырған екі кісі ұрсысып қалады. Жеңіліп қалғаны:

- Ақымақсың, — дейді ызаға булығып.
- Сонда менен жеңіліп қала беретін сені кім деп айтуға болады?

БЕСПЛАТНО БИТ ЖОҚ

- Әлеке, ассалаумағалейкум.
- Әліксалам, әліксалам.
- Иә, хал-жағдайыңыз, әйел-баланыз түгел аман ба?
- Аман, аман. Әй, өзің енгігіп қайдан келесің?
- Бәлніцадан. Айтпақшы, сіздің үйде бит бар ма?
- Не шатып тұрсың, қандай бит сұрап тұрғаның?!
- Кәлімгі үсті-басыңды қышытып, тыр-тыр қасындырып, адамға маза бермей, ішкөйлектің ішінде жүретін битті айтам.
- Сен не деп тұрсың. Сонда біздің балалар биттеп жүр деп пе едің? Әрі жүр, тантимай.
- Айып етпеңіз, Әлеке, ондай ойдан аулақпын, менің айтайын дегенім... Әлгі сіздің үйдегі жеңгей мектеп-интернатта тәрбиеші ғой.
- Болса несі бар?!
- Міне, бар ғәп сонда болып тұр ғой...
- Әй, сен осы не айтқын келіп тұр, сонда менің әйелім балаларды емес, биттерді тәрбиелеп жүр демексің бе, мақұлық?!
- Сіз енді былай...ашуланбасаңызшы. Әйелім сары ауру (бөрткен) боп ауырып... Соған дәрігерлер “жерден қазсаң да бит тауып алып кел” дегені. Біреулер анда бар деген соң салпандап сол жаққа бардым. Сонда шыққыр көзім не көрді десеңші, қазір бит екеш бит те қып-қызыл ақша екен. Бұны

көргенде есімнен танып қала жаздадым. Бит сатушылардың жандарына барып: “Ағайындар-ау, бағасын кішкене түсірсеңіздерші, айына алатын азғантай ақшамды қай жағына жеткізем. Әйелімді жазып алған соң күн көру керек қой. Оның үстіне бала-шаға тағы бар” деп жағдайымды айтып едім, олар ат-тондарын ала қашты. “Осындай заманда адам өкіметтің жұмысын істей ме екен. Сенде бар бала бізде де бар, алсаң ал, алмасаң, әдірам қал”, — дейді.

— Әй, сен мұңыңды шағып кеттің ғой, былай түсіндіріп айтсайшы. Бізде не, бит бар деп естіп пе едің?

— Жо-жоқ, Құдай сақтасын, ақшасын берем, бірақ қазір қалтамда көк тиын жоқ. Кейінірек дегендей... Бірақ беремін...

— Туу, басымды қатырдың ғой, не деп тұрсың өзің. Бізде қайдағы бит?! Қайдағы-ы?!

— Әлеке, сіз ашуланбаңызшы енді, жеңгей әлі сол мектеп-интернатта істей ме?

— Істесе ше, істейді.

— Міне, сол интернаттағы балалардың бастарын қарап шықсақ қайтеді. Мүмкін... Маған біреу айтып еді, бұрнағы жылы балам ауырғанда сонан таптым деп.

— Тфу, сайтан алғыр, сайтан алсын сені. Бағанадан бері бит-бит деп басымды қатырғандағы осы ма?

— Енді өзіңіз ғой, сөзге келмей ашу шақыра бересіз.

— Жә, жетер, сен де жетісіп тұрған жоқсың. Көрген жерден “бит бар ма?” деп бас салдың.

— Кешіріңіз, Әлеке.

— Әй, сен де ақымақ екенсің, ол биттер тоқшылық заманда болса болған шығар. Ал, қазір қайдан болсын. Сен одан да коммерсанттың балаларының басын қара. Болса, соларда болар.

— Сіз де қызық екенсіз, балаларының басын қараймын деп жүріп өз басымнан айырылып қалармын. Оның үстіне оларда қайдан болсын, таза жүреді, импортный киім киеді дегендей. Әзіліңіз шығар.

— Әй, сен менің басымды қатырма, оларда бәрі-бәрі бар. Бәрі солардың қолында. Тақ что, давай, соларға бар. Ақшанды бер де, асыранды битті сатып ал. Әйтпесе, әйеліңнен айырыласың. Бар, бар!..

— Ех, заман-ай, десейші!.. Енді құрт-құмырсқа, шыбын-шіркейдің бәрін асырамасам. Кім біледі, ертең күн не боларын. Сойту керек.

ТАМУҚТАН КЕЛГЕН ХАТ

“О дүние жоқ” деп әркім далбасалай береді. Оттамасын! О, дүние бар! Дәлел дейсіздер ме? Дәлелім — өзімнің өлген қойым. Иә, иә, күлмей-ақ қойыңыздар, қазір мен әлдеқашан соғымға сойып алған қойымның хатын оқығанда көңілдеріңіз босайтыны анық. Сенбейсіздер ме? Шынымды айтсам, алғаш мен де өз көзіме өзім сенбедім. Хатты ашып алты рет оқып шықтым. Өз қойымның қолы. Тіпті үтір, нүктесіне дейін айнымайды. Тізем дірілдеп, көзіме жас келді. Сонда да анықтап алайын деп тірі кезінде өріске бірге жайылған құрбы-құрдастарына көрсеттім. Бұл өмірдегі айнымас адал досы, көрші үйдің қара қошқары хатты оқығанда маңырап жылап жіберді. Ол байғұстың алдына қайта-қайта жем беріп әрең қойдырдық. Ал енді рұхсат етсеңіздер енді мен сіздерге сол хатты оқып берейін.

“Ассалаумағалейкум, ардақты қожайын!

Қал-жағдайыңыз қалай, жақсы ма? Бала-шағаларыңыз аман-есен бе? Менің етімді екі ай жепі, ол байғұстар бір жасап қалған шығар. Шынымды айтсам, қожайын сіз мені қыстан қысылып соярада қатты ренжідім. Кімнің өлгісі келеді дейсің. Сонда бірінші рет ең болмаса, есек болып жаралмағаным өкіндім. Есектің етін ешкім жемейді ғой. Сөйтсем, өлуден қорқудың еш қажеті жоқ екен. О дүниеде жаныңыз жай табады. Бұл жақта ешқандай проблема жоқ. Тіпті, қозы-лақ деп те бас қатырып жатпайсың. Жемнің де, шөптің де керегі жоқ. Нағыз коммунизм осы жақта. Бірақ бұл жақта бұны “коммунизм”-емес, “жұмақ” дейді. Коммунизмді ауызға алсаңыз, “коммунист” деп тозаққа тығып жібереді. Онда көрген күніңіз құрысын. Ол жаққа тірі кезінде Құдайға құлшылық етпегендерді, тілден, діннен, өз ата-баба салтынан безген күнәһарларды жіберетін көрінеді. Жұмаққа түсудің онша қиындығы жоқ сияқты. Әйтеуір жалған дүниеде Құдайға құлшылық етіп, ешкімнің ала жібін аттамай, адал жүрсеңіз болғаны. Жаңа айттым ғой, “бұл жақта проблема жоқ” деп. Проблеманың бәрі сіздерде ғой.

Заман не болды, түзелді ме? Айтпақшы, өнеукүні көрші үйдің шошқасын көргем (оны Иван соғымға сойып алыпты ғой). Оны көргенде бауырымды көргендей қуандым. Бірақ төс түйістіріп амандаса алмадым. Өзіңіз білесіз, бұнда мұсылман зираты бөлек, араласып-құраласуына болмайды. Ол жағына қатты тыйым салынған. Иванның шошқасымен алыстан тұрып айқайласып сойлестім. Құдай атқанда, бұл

жақта жүріп, 40 жыл сөйлеп жүрген шошқа тілін ұмытып қалыппын. Бір-бірімізді әрең түсіністік. Оның айтуынша, заман бұрынғысынан бетер жаман болып кеткен, дүниені билеген — бизнесмендер мен коммерсанттар. Ал басқалары өлместің күнін көріп жүрген көрінеді. Сол рас па, қожайын? Рас болса, рас шығар. Мен өлмей тұрғанда-ақ, дүниенің астан-кестені шығып жатыр еді ғой. Сол кезде-ақ колхоздың байлығы көзден бұл-бұл ұшқан еді. Не шөпке, не жемге бір жарымай қойған кезіміз еске түссе, әлі күнге дейін еңіреп жылап жібергім келеді. Сіздер де алты ай бойы ақша ала алмай, ақыры қойларыңызды қырып салған жоқсыздар ма. Сол құрбанның бірі мына менмін. Несін айтасыз, әйтеуір мал болып жандарыңыз қалды ғой. Жарайды, қай-қайдағыны еске алып, еңсеңізді түсіре бермейін. Шынымды айтсам, соңғы кездері өздеріңізді көп ойлайтын болып кеттім. Әсіресе, Иванның шошқасына жолыққалы бері. Заман бір түзелмей қойды-ау. Әйтеуір аман-есен жүрсеңіздер болғаны да. (Бірақ өлуден қорқудың керегі жоқ).

Айтпақшы, елімізде тіл түзелді ме? Әркім өз тілін білгені жөн екен. Төбенде мүйіз, үстің “киіз”, шошқа құсап қорсылдап жүрсең, басқа аңдарға көз түрткі боласың! Құдай сақтасын, тек қойлардың ортасында өскенім қандай жақсы болған. Көп қазақ балаларын көрдім, ана тілін білмегендіктен, қорлық көріп жүргенін. Анау қалада тұратын құрбы-құрдастарыңызға, жора-жолдастарыңызға айтыңыз, о дүниеге келгенше ақша берсе де қазақ тілін үйреніп алсын. Бұл жаққа келген соң, өздеріне қиын болады. Ал, жарайды, қожайын. Жұмақтан жазған бірінші және соңғы хатымды осымен тәмәмдаймын. Бұл жақта өздерін жалған дүниеде жақсы ұстағандарға бір рет хат жазуына рұхсат береді екен. Сол алғашқы және соңғы хатымды өзіңізге жазып отырмын. Басқа менің кімім бар. Ал, жақсы, аман болыңыздар! Сәлеммен, өлген өз қойыңыз”.

“ҚАРАДОМАЛАҚ — 2000”

(сахналанған)

- Ау, доғдыр, доғдыр деймін...
- Не бон қалды?
- Әйелімнің жағдайы қалай?
- Жаман емес, қазір босанып қалады.
- Босанып қалады?

- Иә.
- Өй, өй, қоя түр-ей. Маған қазір емес, 12-ге босанғаны керек, білдің бе.
- Ау, көке, толғағы келіп жатса, мен оны қалай 12-де босандырам?
- Қайтарып жіберетін уколыңды сал.
- Болмайды, көке!
- Болмайды деген пәлені қой.
- Әйеліммен бірге мен де тоғыз ай толғатып жүрдім. Елдің бәріне 100 мың жеңіп аламын деп желпініп қойғанмын. Сондықтан бірденесін істе. Қартайған шағымда айды аспаннан бір-ақ шығарып, “Қарадомалақ-2000-ды” жеңіп алайын.
- Өй, сіз де айтады екенсіз, көке. Өзіңіз сарысыз, жеңгеміз сары, бұл бала қалай қарадомалақ болсын?
- Маған светі емес, 12-де босанғаны керек білдің бе?
- Жарайды, көке, көрерміз.
- Сөйт, айналайын. Әлі әзір асықпа. Тура 12-де тудыр. Мен де сол уақытта падарқанды алып келейін.
- Оған дейін босанып қалса ше?
- Атай көрме, ойбай. Үйде онсыз да бездельник бес қарадомалақ бар.
- Жарайды, көке, көрерміз.
- Ал мен ұштым. Түнгі 12-лерге қарай келемін.

* * *

(12-і болып қалған кез)

- Ау доғдыр, доғдыр...
- Құлағым сізде, көке.
- Анау босанатын түрі бар ма?
- Көке, әйеліңіз қырсық екен. Бағанадан бері туып қала ма деп қорқып едім. Енді босандыра алмай әуре болып жатырмын.
- Тезірек болсайшы, 12 болып қалды ғой.
- Енді қайт дейсіз. Бағана ғой асықпа деген соң, қайтаратын укол салып едік. Енді міне, вызывающийді үсті-үстіне салып жатырмыз.
- Сал уколыңды, аяма.
- Жарайды, көке, жарайды. Бара тұршы енді.
- Мен қайда барам, 12 болды ғой, 12.
- Енді қайт дейсің?!
- Тудыр, ойбай, тудыр!
- Тумаса ше?

- Онда суырып ал!
- Ой, сіз де қызық екенсіз, сәл шыдайық.
- Шыдамаймын мен, шыдамаймын, сағат 12 болды.
- 12-ден былай да болады ғой.
- Болмайды, ойбай, болмайды. Мен сияқтылар көп онда білдің бе?
- Сүйінші, сүйінші!
- Туды ма?
- Туды.
- Уф, сағат 12-ден 15 минут өтті. 100 мыңға ілігер ме екем, ә?
- Ілігетін шығарсыз.
- Ал ілікпесем ше? Осы әйелім де ақымақ. 15 минут ерте туса ғой, бүйтіп бас қатырып тұрмас ем. Енді міне, не анда, не мұнда жоқ. Егер 100 мың бермесе, бұл баланы қалай асыраймын, а? О, құдайым-ау, қартайғанда мені мазак қылайын дедің бе? Құдайға да, үкіметке де, маған да керегі жоқ қарадомалақты қайтем? Мүмкін сізге керек шығар, ә?!

ӘННІҢ ӘЛЕГІ

(скьетч)

- Өй, жүгермек, бері кел!
- Не?
- Бәле, мынауың не? (Күнделікті көрсетеді).
- ...
- Мынауың не деймін саған?!
- Ек-і.
- Еки (кекете). Сен осы қашан бес аласың, а?
- Неге үндемейсің, ей. Көзіңді ойып, басыңды жарып тастайын ба?!
- ...
- Өй, ынжық неме. Ынжық болмасаң, ән сабағынан екі алар ма едің. Жаман неменің нағашыларына тартуын қарашы. Жә, жарайды. Сонымен, екіні қалай алдың?
- Даусың жоқ дейді.
- Даусыңмен бірге құрып кет, құрып кеткір! Өстіп мұрныңнан мінгірлеп тұрсаң, әрине, даусың болмайды. Ән деген ол – ән ғой! Оны саңқылдап айту керек, саңқылдап!
- Мен де сөйттім ғой.
- Ал.
- Ал мұғалім “әнді айқайлап айтуға болмайды, оны

ырғақпен баяу, нақышына келтіре, нәзік айту керек” дейді.
“Ал, сен болсаң, айқайлап әннің сәнін кетірдің” деді.

— (Күмілжін). Дұрыс айтады. Ән дегеніміз ол — ән. Оны әдемілеп, ырғақпен айту керек. Әйтпесе, құр барылдағанмен бола ма екен.

— Енді өзіңіз жаңа саңқылдап айту керек дедіңіз ғой.

— Әй, сен, әкеңмен жағаласпа! Қара мұның әкесімен сөз салыстыруын. Бүгін бүйтсең, ертең бетімінен алып, жағама жабысарсың. Әй, малғұн десе, сен алдымен әніңді үйреніп ал, түсіндің бе?!

— ...

— Түсіндің бе, деймін мен саған?!

— Түсіндім.

— Түсінсең, әннің де пайдасы көп. Ертең ер жетіп, той-томалаққа барасың. Міне, сонда ән айтпасаң, біреулер “әкенді” — деп әкірендеп боқтайды. Бойжеткендер саған мойнын бұрып та қарамайды. Түріңе қарашы өзіңнің, не бойың, не ойың жоқ. Маған тартсаң ғой, жігіт сұлтаны болар едің, жаман неме, нағашыларыңа тартып кеткенсің... Жарайды, міне, сол кезде саған әннің пайдасы көп тиеді. Әдемілеп тұрып ән айтсаң, қыздардың бәрі шетінен топырлап құлай береді. Түсіндің бе?

— Әке, олар неге құлайды? (Түсінбей).

— Әнге, ән айтып тұрған саған құлайды.

— Бәрі топырлап маған құласа, мені басып қалмай ма?

— О, ақымақ! О, малғұн! Саған адам деп әңгіме айтып тұрған мен де ақымақпын. Әй, олар құлағанда жалпылдап жерге құлайды деп тұрғаным жоқ. Сенің әдемі әніңе ғашық болып, өзінді ұнатып қалады деп тұрмын. Түсіндің бе, малғұн?!

— Маған ғашық болмай-ақ қойсын. Менің қызым бар.

— А, не дейд?!

— Қызым бар деймін.

— Ол кім тағы да?

— Света.

— О, сүмелек, Света дейді. Сен қызға ғашық болмай-ақ мұрныңды сүртіп ал алдымен. Ал, жарайды, әкеңмен жағаласа бермей, қай әнді өтіндер соны айтшы?

— “Ана” әнін.

— Неге “Ана” әнін? Сонда, “Әке” әні қайда? Алдымен неге оны өтпейсіңдер а?

— Енді апай айтты ғой: “Ең бірінші біз аналарға борыштармыз” деп.

— Ал, сонда әкелер ше? Сонда бізге борышты емессіңдер ме?! Ішкізіп, жегізетін — біз. Киіндіретін — біз. Ақша табатын тағы да — біз. Сонда сендер бізге борыштар емессіңдер ғой, а?

Жарайды, ана туралы өткен екенсіңдер, басымды қатырмай шешеңе бар. Әнді сол үйретсін. Маған “әке туралы” өткенде келесің. Бар, бар.

— Мамам жаңа қуып жіберген...

— Неге?

— “Бұл аптада тамаққа да, сабаққа да кезекші — әкен, сол үйретеді” дейді.

— Былжырамасын, “Ана” туралы әнді анасы үйрету керек, ал, “Әке” әнін өткенде өзім үйретемін. Сонда бес аласың! Түсіндің бе?

— Түсіндім...

— Түсінсең былжырап тұра бермей бар енді. Бар.

МӘРИӘ БІЗГЕ КЕЛЕ МЕ?

Соңғы жылдары көрермендердің көзайымы болған Виктория Руффо (әйтпесе, қарапайым Мәриә) Ресейге келіп кеткенінен барлығыңыз хабардар боларсыздар. Ресейліктер бір марқайып қалды. Көрермендер де сүйікті актрисамен қауышып, мез-мәйрам болды. Қарапайым Мәриәнің Ресейге келе жатқанын естіп, “біз де бір көріп қалайық, реті келсе, Қазақстанға шақыра кетейік” деп Москваға қарай ұштық. Шақырса, несі бар, құдайға шүкір, қазақтар — қашаннан қонақжай халық. Қанша жерден тарығып жүрсек те, бір қонақты күтіп алатындай жағдайымыз бар шығар. Ал анша-мұнша кемшілік кетіп жатса, оған Мәриә мән бере қоймас. Өйткені, ол қарапайым ғой, қарапайым. Әйтпесе, қабырғасы сөгіліп, кикуы кетіп, ырду-дырду болып жатқан Ресейге қызығып келді ғой дейсің бе. “Шақырғаннан қалмай, шақырмағанға барма” демекші, Ресей шақырған соң келді де. Енді міне, біз шақырып отырмыз. Уақыты жоқ болса да, біз қиылып өтініш жасаған соң, келіп-кетуге уәдесін берген сияқты. Енді Мәриәмен болған сұхбатты сол қалпында назарларыңызға ұсынып отырмыз:

— Виктория ханым, сіз қазақстандықтардың ең сүйікті актрисасына айналдыңыз. Өзіңіз бас рөлде ойнаған “Қарапайым Мәриә” фильмін қалт жібермей қадағалап келеміз.

— Рахмет, рахмет. Бірақ, сіз мені “ханым” демей жәй Виктория, немесе сол кинодағыдай “Қарапайым Мәриә” дегеніңіз жөн болар. Ал қазақстандықтарды мен ерекше жақсы көремін, өйткені, олар менің қандасым ғой.

— Кешіріңіз, қандай қандас? Түсінбедім!

— Түсінбейтін несі бар. Бірақ сіздің тарихтан хабарыңыз жоқ екені көрініп-ақ тұр.

— Шынымды айтсам, өзгенің тарихын оқымыз деп өзімізге орын қалмапты. Құдайға шүкір, есеңгіреп кеткен есімізді енді жиып жатқан жағдайымыз бар.

— Оқасы жоқ, “Ештен кеш жақсы”. Бізде “Кош жүре түзеледі” деген мақал бар, бірте, бірте бәрі орнына келер.

— Кешіріңіз, жаңағы мақал бізде де бар.

— Оған таң қалудың керегі жоқ. Кезінде сіздер мен біздер етене араласып жатқан бір ел едік.

— Сонда қалай?! Мексика мен қазақ...

— Тарихты тереңдете оқысаңыз, сақ дәуірінде сапырылысып жатқан бір халық екенімізге көз жеткізетініңіз анық.

— Солай ма? “Естімеген елде көп” деген.

— Мәселен, Мексика деген көне түрік сөзі. Мағынасы — мекен үя. Сол баяғы шапқыншылық кезінде кетіп қалғанбыз.

— Мұхиттың арғы жағына ма?

— Жаудан қашқан адам мұхит-пұхитына қарайды ғой дейсің бе? Өттік те кеттік. Барған жеріміз құт болсын деп бабаларымыз “Мекен үя” қойған екен. Бергін келе Мексика болып кетті ғой.

— Апырмай, ә?! Мынауың қызық екен!

— Қызық емес, бұл — шежіре. Ал енді айып етпесеңіздер мен тұрайын, көрермендер күтіп қалар. Сіздерді Қазақстаннан келді деген соң іші-бауырым елжіреп, әрең дегенде он минутке сытылып шықтым.

— Кешіріңіз, біз сізді Қазақстанға, қонаққа шақырып келіп едік. Заманымыз қанша қиын болса да халқымыз, құдайға шүкір, сіз сияқты актрисаны қиналмай күтіп алатынына шүбә жоқ. Қайта өзіңізбен дидарласып, көңілдеріміз көтеріліп, бір серпіліп қалар еді. Оған қалай қарайсыз?

— Тіпті, не дерімді білмей тұрмын. Жарайды, қаныма тартпасам “қазақ” болам ба? Барамын өз ұяма. Ал жақсы, көріскенше күн күн жақсы болсын!

— Сау болыңыз!

Міне, осылай Мәриә біздің қандасымыз болып шықты. Енді қайта айналып Қазақстанға да келіп қалар. Тек ол елім-жұртым деп келгенде жөнді қарсы ала алмай қызарып қалып жүрмейік.

Бірақ Мәриә бізді түсінер. Мүмкін, бізді қызартпай-ақ қояйын деп, қайта айналып Қазақстанға соқпас. Өйткені, ол қарапайым ғой, қарапайым...

ӨН МЕН ТҮС

өзіл-шыны аралас

Фаббат таңертеңгі ұйқысын аша алмай автобустың ішінде қалғып-мүлгіп жұмысқа келе жатыр. Бұл — оның күндегі әдеті. Ол қаланың шет жағында тұрғандықтан, елден ерте оянады. Таңертеңгі тамағына тойып алған соң, аялдамаға қарай аяндайды. Бұл мінетін жер соңғы аялдама болғандықтан, автобуста адамдар да аз. Ол автобустың артына емін-еркін жайғасып алып жұмысқа жеткенше ұйықтайды. Автобус қаланың ішінде жүргенде адамдарға лық толады. Бірақ бұған Фаббаттың бір тал мұрты да қисаймайды. Осындай сәтте өз үйінің соңғы аялдама жақта болғанына тәубә етеді. Басында кәсіподақ жұмыстан қаланың шетінен үй бергенде әжептеуір ренжіген-тұғын. Енді қарап отырса, қайта онысы дұрыс па деп қалды. Әйтпесе, үйің қаланың ортасында болса, жұмысқа жетуің қиындап кетер еді. Белгілі ғой, қалада жүретін аз автобустың көбі кейбір аялдамаларға тоқтамайды. Тоқтағанның өзінде жармасып кете алсаң жақсы. Тіпті, мініп кеткеннің өзінде иін тірескен жүртіпен жұмысқа жеткенше жұлысып барасың. Мұндайда аяғың тапталып, киімнің түймесінен де түк қалмайтыны сөзсіз.

Фаббат қорылға басты. Ол автобуста емес, өз үйінде жатқандай дүниені ұмытқан. Ұйықтап келе жатып түс көріпті. Түсінде “Ұйқы басар” ассоциациясының президенті болып сайланған екен дейді. Қалағанынша ұйықтап, қара “Волгамен” қаланың ішінде ызғытып жүр. Шамасы, шет елде жүр екен дейді. Ұйықтап жатқандықтан, қара басып, дәл қай ел екенін біле алмады. Бірақ бір мықты мемлекетте жүргені даусыз. Америка, әлде Алмания, тіпті Франция болуы да мүмкін. Міне, сол жерде жүріп балалары мен әйеліне сыйлық алып жатыр. Бірге барған жолдасы танданып:

“Не деген керемет сыйлықтар! Бізде мұндай заттар қашан болар екен?” деп Фаббаттан сұрап қояды. Бұл маңғазданып:

— Асықпа, ұйымды қандырып алайын, сонан соң елімізде жоқтың бәрін жасаймын. Мемлекетімізді төрт аяғынан тік тұрғызамын. Пәтері жоқтарға төрт бөлмелі пәтер, астарына машина мінгіземін. Не киемін, не ішемін демейтін болады. Тек, ұйқымды қандырып алсам болғаны, — дейді. Оның бұл сөзіне делегация мүшелері дән риза. Шет елдің фотожурналистері мұны шыр-тыр еткізіп суретке түсіріп жатыр. Бүкіл халық мұны көруге құштар. Қайда барса да қаумалап жүрген жұрт. Барлығының арманы “Ұйқы басар”

президентін жақыннан көріп қалу. Тіпті, бір-бірінің өлген-тірілгеніне қарамай, алға ұмтылады. Кенет біреудің — Ойбай! — деген даусы шықты. Бұл шошып оянды. Автобус адамға лық толы. Ойбайлаған жас жігіт екен:

— Қарындас, аяғымды ездiңiз ғой, — деп жымынған болды. Қыз мұны жақтырмай:

— Сонша айғайлағаныңыз не, жігітсiз ғой, шыдамайсыз ба? — деді. — Фу, қазіргінің жігіттері жігіт емес, мігіт, — деп, қарындас мұрнын тыжырайтты.

— Қыздары да оңып тұрған жоқ, — деп, жігіт те теріс айналды.

Ғаббат тағы қалғып кетті. Жаңағы шетел (қара басып ұйықтап келе жатқандықтан, қай ел екенін дөп басып біле алмай тұрғанын қарашы), анталаған жұрт, бір журналист бұдан сұхбат алып жатыр:

— Елдің жағдайын жақсарту үшін ең бірінші не істейсіз?

Әрине, бұған жөндеп жауап бермесең болмайды. Сенің жауабыңа жұрт тамсанып, тандайларын қағуы керек.

— Ең бастысы — ұйқы. Сондықтан ұйқыны жақсылып қолға алу керек. Өзіңіз байқаңызшы, ұйқысы қанбаған адамдар жөндеп жұмыс та істей алмайды.

Мәселен, біз социализм кезінде ұйқының түбін түсіретінбіз. Біреуіміз селт етпейтінбіз. Бізге бәрібір еді. Бәріміз қалың ұйқыда болдық. Енді, міне, сол ұйқымызды бұзып еді, еліміз де “бұзылды”. Сондықтан да мен ұйқыны қайта қолға аламын. Бұл — кезек күттірмейтін іс!

Елдің барлығы ду қол шапалақтап жатыр. Көбісі данышпандылығына тандана бастарын шайқап, тамсана тандайларын қағады. Кенет:

— Ойбай, мынау кімнің қолы?! — деген жас келіншектің жан дауысы шықты. Бұл шошып оянды. Келіншектің артында тұрған енгезердей еркек:

— Менікі, — деп гүж ете қалды.

— Сіздікі болса, тартыңыз!

— Қайда тартам, ұстайтын тұлдыр жоқ.

— Ең болмаса, басқа жерімнен ұстаңызшы... Ыңғайсыз екен, — деді келіншек қызарақтап.

Ғаббат терезеден сыртқа қарады. Жұмысқа жетіп қалыпты. Ол орнынан тұрды. Қаумалаған жұрт мұның орнына таласып жатыр. Бұл ауыр күрсініп, қабағын шытты. “Ия, ел бұзылды, ең болмаса автобус екеш автобуска да міну ақыретке айналды, қашан ғана өркениетті елдер сияқты өмір сүрер екенбіз?!”

Жаңағы түсі есіне түсіп жымынып қойды.

ДОЗАҚПЕН ДЕ ДОС БОЛДЫМ

Шынымды айтсам, ағайын, мен мына өмірден әбден түңілдім, әйелімнің “тапқан табысың түкке жетпейді” деген сөзінен қажыдым. Кейде қараптан-қарап отырып, басқа бір жаққа безіп кеткім келеді. Бірақ қайда барам, барғанда да ол жақта не істеймін? Бәрі бұлыңғыр, бәрі белгісіз. Шынымды айтайын, мен күндіз-түні зыр жүгіріп жұмыс істеймін, сонда да алған ақшам мардымсыз. Мәселен, таңертең тұрып редакцияға келемін, сойтіп бүркқыратып жазамын, сағат 6-да үйге барып, апыл-ғұпыл тамағымды іше саламын да, түнгі жұмысыма тағы барамын. (Қарауыл болып істейтінімді сіздерден несіне жасырамын). Онда отырып алып, тағы да жазамын. Жазамын деген сөзіме қарап, сіздер мені мықты бір жазғыш екен деп қалмаңыздар, сол өз құлқынымыздың қамы үшін де, баяғы. Яғни, “қаламақыны қайтсем, көбірек табамын” деген ой ғой, біздікі. Міне, өстіп жұмыс істегенде ең болмаса, соның рахатын көріп жатсаң ғой, шіркін! Қайдағы?! Қаламақы тұрмақ, барлық жалақың қосылып жыртқығыңа жамау бола алмайды емес пе? Қанша апарып әйелімнің аузын жабайын десем де, оның аузы одан бетер аңырайып ашыла түседі. Иә, мына заманда әйелің мен бала-шағанды асыраудан асқан азап жоқ. Оған тек еркектің еркегі ғана шыдар. Ал шыдамағандары...

Айтпақшы, мен сіздерге керемет бір құпия сырымды ашайын. Тек оны сіздер даурығып біреуге айтып қойып жүрмеңіздер, жарай ма?

Бір күні жұмыстан қалжырап қараңғыда жалғыз озім келе жатсам, алдымнан көршім Коля шыға келмесі бар ма? Біраз ұрттап алған көрінеді. Маған қарап күле береді, күле береді. Сасқанымнан мен де күлдім. Ол маған “ішесің бе?” деді. Мен “ішемін” дедім. Сөйтіп екеуіміз бағанаша қақшиып тұрып тартып-тартып жібердік. Сол-ақ екен, мен шаршағанымды ұмыттым, көңілім жайланды; көзім айнады. Өйтпегенде іше, ішсем өз ақшама ішіп жатқам жоқ, шығын көршімдікі. Рахат! Бір кезде көршім “шегесің бе” деді әлденені көрсетіп. “Шегемін” дедім. Сөйтсем, ол қалтасынан темекіден түрі бөлегірек “шөпті” шығарып жатыр екен. “Бұл не?” дедім танданып. “Анаша” деп тісін ақситты. Мәссаған, есірткі деген есті алар пәле осы екен, шекпеймін деп шегіншектей бердім. Өйтеуір, не керек, көршімнің қолқалағанына қонбай өрең құтылдым. Әбүйір болғанда, әйелім ештеңе байқаған жоқ. Байқағанда... Ойбай, беті аулақ. Басым жастыққа тиісімен-ақ қор ете түссем керек. Бір кезде түс көріп жатырмын, сол

баяғы көрші Коля екеуміз есірткіге еліріп отыр екем деймін. Әйелімді де, бала-шағамды да ұмытқам. Олардан кетіп қалыппын. Сөйтіп жүріп... Құдай басқа салса не шара, “жазмыштан озмыш жоқ” деген, өліп қалыппын. Кәдімгідей-ақ сілейіп түсіппін. Бір уақытта Коляның қайда қалғанын білмеймін, менің жанымда Жаналғыш отыр.

— Жеткен жерің осы ма? — дейді. — Әжептәуір журналист едің, ақыры нашакор болып тындың, — дейді. Ал мен не дейін, ағыл-тегіл жыладым кеп. Бала-шағамды, әйелімді көргім келетінін айтамын. Енді қанша жерден тұрмыс тауқыметін тартсам да, бұл пәлеге жоламайтынымды айтамын. “Екі қолыма күрек беріп, қара жұмысқа салып қойсаңыздар да, мейліңіз, тек қана ана дүниеге апарып тастаныздаршы” деп өксімін. Жаналғыш болса менің жалынғанымды қалайтын сияқты, әйтеуір, үндемейді. Бір кезде мен де ашулана бастадым.

— Бармаймын, — дедім, — ана жаққа. Жанымды алатын болсаң, тезірек ал да, дозағыңа сал. Маған бәрібір, — дедім. Ол жақта да жетісіп жүргенім шамалы. Әйтеуір, бір өлетұғын болған соң, ертесі не, кеші не, бәрібір. Барар жерім — бір дозақ. Қайта бұл жаққа үйрене берейін. Ең болмаса, ол жақта адам сияқты өмір сүріп жүрсем екен. Несіне қызығамын. Үй-күйім жоқ, тұратыным жалдамалы пәтер болса. Балалардың аш-жалаңаш жүргені анау. Ертеден қара кешке дейін, зыр жүгіріп жұмыс істегенде алатын ақшам айтуға ұят. Қайтеміз, жоқ бармаймын. Ақыры өлген екенмін, енді ол жаққа аяқ аттап баспаймын. Айттым, бітті, — дедім тұтығып. Құдай біледі, түтігіп кеткен түрімнен Жаналғыш та шошып кетті-ау деймін. Сразу “скорыйды”, ой, кешіріңіз, ол жақта қайдағы “жедел жәрдем”, жылдамдатып Әзірейілді шақырды. Әзірейілдің аты — Әзірейіл.

— Бұл күнәһар, не бүлдіріп қойды, — деді бар даусымен барылдап. Жаналғыш “Наша шеккіш журналист қой, жанымды алсаң, тездетіп ал, ана жаққа өлтірсеңіздер де, тойст, тірілтіп жіберсеңіздер де жоламаймын деп отыр”, — деді.

— Не дейді? Рас па, айттып тұрғаның? — деп тандана сұрайды Әзірейіл.

— Иә, иә, бармаймын, шаршадым, — дейді, мен жаным аламын деп қорқытайын десем, бұның беті бүлк етер емес. Дозаққа өзі-ақ домаландап, барайын деп отыр. Сонан соң, сізді қабылдай қояр ма екен деп шақыртып отырмын ғой.

— Сонда түк те қорқатын түрі жоқ па? — деп сұрады Әзірейіл тандана.

— Жоқ-жоқ, қайта керісінше ме деп қалдым, сенбесеңіз, өзіңіз сұрап көріңізші, — Әзірейіл маған бұрылды. Әзірейіл десе, әзірейіл екен, тізем дірідеп қоя берді.

— Сен ақымақ, дозақтың не екенін білесің бе? — деп ақырды ол.

— Маған бәрібір, — дедім тұтығып.

— Мұнда өте қиын. Бұған келуге бәрі қорқады. Саған қалайша бәрібір, — деді ол сұстана.

— Ана дүниенің дозағы да оңып тұрған жоқ. Құдай біздің мандайымызға тек дозақты ғана жазған, — дедім мен.

Ол қарқылдап күлді де:

— Сені пейішке жіберейін бе? — деді.

— Комекшіңіз етіп алсаңыз да өз еркіңіз ғой, — дедім мен. Ол тағы да рахаттанып күлді. Сөйтті де мен ойламаған, тіпті күпеген тосын шешім қабылдады.

— Сен, — деді ол, — қанша жерден күнәһар болсаң да, маған ұнадың. Сондықтан да ана жаққа қайта жіберемін.

Тіршіліктің тауқыметіне шыдай алмай, өле салған оңай. Ал, сол тауқыметпен күресіп, оны жеңіп шығу — қиынның қиыны. Ол тек нағыз қажырлы, төзімді адамдардың қолынан келеді. Өмір үшін күресе білу керек. Түсіндің бе? — деді ол қаһарланып.

Менің зәрем ұшты. Тұра қашайын деп едім, тірі емес екендігім есіме түсіп кетті. Лаж жоқ, жатқан жеріме жабысып жата бердім. Оның көзі от шашып “Түсіндің бе?” деп қайта сұрады.

— Түсіндім, — дедім мінгірлеп.

— Түсінсең, тұр да үйіңе бар. Жұмысқа қайта орал, елдегі болып жатқан жайды боямасыз жаза біл. Нашакорлар туралы да жаз. Ел-жұрт үшін қызмет ет. Еңсең енді түспейтін болсын, ал, енді орныңнан тұр, көне, тұр, — деп, түрткілеп жатыр.

Осы кезде оянып кеттім. Сөйтсем, әйелім “тұр да тұрдың” астына алып жатыр екен. Мен атып тұрдым. Әйелім түрімді көріп, шошып кетті білем. “Саған не болған, жаман түс көрдің бе?” — деп мәймөңкелеп жатыр.

— Жоқ, жаман түс емес, жақсы түс көрдім, — дедім. — Әйтеуір, олмегеніме тәубе!

— Не дейді? — деді әйелім шошып. — Онан да кел, шәйға отыр, далбасаламай.


Мен дастарқан басына жақындадым.

— Қант жоқ, — деді әйелім. — Ақшанды қашан аласың?

— Ақша да, қант та, шай да, май да болады. Тек, “жетпейді” деп айтпашы, — дедім жалынғандай болып. — Құдай бұйырса, бәрі болады.

— Қа-ш-а-а-н болады?! — деді әйелім соққан күйындай долдана.

Мен апыл-ғұпыл киіндім де, үйден зыта жөнелдім. “Иә, қашан болады?” Мұны бір құдайымның өзі білер. Ал, өзірше... Әзірше көппен бірге өлместің күнін көріп жүрген жайымыз бар. Қайтеміз, көнеміз де.



II БӨЛІМ

Кел, күлейік,
жізімдер



КУРСТАСТАР ҚАЛЖЫҢЫ

Менің әңгімем ауылдан Алматыға арман қуып келген алаңғасар да ақсөңіл жгііттер жайында. “Алматыда несі бар, ауылында жүре бермей” дейсіздер ғой. Ойбай, олай деп ауыз аша көрмеңіздер. Өйткені, қазір олар — бір-бір баспасөздің мүйіздері қарағайдай белді-белді қызметкерлері. Дегенмен, құрдастығымды, қала берсе, курстастығымды пайдаланып, мен тағы да қалжыңбастығымна басып отырмын.

Өздеріңіз білесіздер, Қазақ Мемлекеттік университеті журналистика факультетінде өзіл-қалжыңсыз ас батпайды. Бұнда әдемі өзілдер мен көңілге қонымды қалжыңдар кімді де болса күлкіге көміп кетеді.

Әлқисса, менің әңгімем де осы университетті бітіріп, қылжақбастығымен көзге түскен жгііттер жайында болмақ.

ҚазМУ-дің 1-курсына қабылданып, ісіп-кеуіп жүрген кез. Журналистика факультетін Қостанайға картоп жинауға жіберетін бопты. Қостанайға емес, бізді Қытай асырып жіберсе де дән ризамыз. Құрдас-құрбылармен ел көріп, жер көріп, еңбек етіп келгенге не жетсін! Әрине, картоп жинаған жақсы ғой, бірақ тазалықты ұмытпаған жөн-ау. Ал, ол жақта монша аптасына екі-ақ күн болады. Соның бір күнін студенттерге береді де, екінші күнінде шоферлер мен комбайнерлер түсетін болады. Студенттер көп болған соң дер кезінде түсіп қалу — қияметтің қияметі. Осы жағын ойлаған үш жігіт пысықтық танытып, жұмысшылармен қосылып түскісі келеді. Сөйтіп, жұпыны киінген Төлеухан деген қуымыз комбайнер болып шықты да, Бауыржан — көмекшісі, ал Бакытжан жүргізуші болмақшы. Бакытжаныңыз — мен.

Үшеуіміз бірдей барсақ, студент екенімізді біліп қояр деп ойлаған олар, ең бірінші екеуі кірмек. Сөйтіп Төкең мен Баукең бірінші барып билет сатушының басын айналдырып тұрғанда, артынан кіріп келген Бөкең әй-шәй жоқ: “Я — шофер!” — деп саңқ ете қалмасы бар ма.

Мырс етіп күліп жіберген кассир үшеуін де тездетіп кіргізіп жіберді...

Бірде асханаға Серік Мұқашев пен Нұрлан Қалқаев бармайды ма. Бірінші боп тамақ алып жатқан Серікке аспаз:

— Это хватит? — деп қуып жатқан көжені көрсетіпті.

— Нормально, — депті Секен.

Ал артында тұрған Нүрекеннің аздау тамағына көңілі коншімейді. — А вам как налить? — деген аспазға Нүрекен: “Ненормально” десе керек.

Бөкен бірде Жамбылға жолдастарын ілестіріп барыпты. Өзі білетін бір-екі жерді көрсеткен соң, ол: “Жүріңдер, көкемнің үйіне барайық” демей ме (өз үйі Жамбылдан ары, аудан орталығында). “Қонақ қойдан жуас” демекші, жігіттер келіспегенде не қылсын. Сөйтіп, Бөкең көкесі тұратын “Тоңкеріс” кошесіне бастап келді. Барлығы да бір-бірінен айнымайтын бес қабатты үйлер бұл жерде жетерлік. Бөкең жаңағы үйлердің ешқайсысына кірмей, жоғары қарап әлденені іздегендей арлы-берлі жүріп алады. Шыдамы таусылған жігіттердің бірі:

— Әй, Бөке, көкеңнің үйі қайсы? — деп сұрайды.

— Соны іздеп жүрмін емес пе? — дейді сонда Бөкен.

— Сонда қалай, сен қай үй, қай квартира екенін білмейсің бе? — деп сұрайды жігіттер. Білмеймін деп айтуға ұялған ол жайбарақат қана “Ұмытып қалыпшын” — дейді. Ашулана бастаған жігіттердің “енді қалай табамыз?” — деген сұрағына Бөкен:

— Осылай жағалап қарағанда тортінші қабаттағы бір терезеден ойыншық ақ қоян көрінуі керек. Міне, сол көкемнің үйі болады, — деді. Жігіттер жабыла іздегенмен ақ қоян көріне қоймайды. Ақыры олар әркімнен сұрастыра жүріп үйді өрең табады. Сөйтсе, талай уақыт тапжылмай белгі болып келген ақ қоянды сол күні есік-терезелерді сырлағанда алып тастапты. Ал онсыз Бөкең көкесінің үйін қайдан тапсын.

Базары тарқамаған студенттік кез. Жатақханада бір бөлмеде төрт жігіт тұрамыз. Бір күні — аш, бір күні — тоқ дегендей, жүріп жатқан жайымыз бар. Соңғы күндері азық-түлік дегенін күрт қымбаттап, асханаға баруды қойғанбыз. Торт жігіт кезектесіп бөлмеде тамақ істеп ішеміз. Ішімізде тамаққа шыдамсыздау сол баяғы — Бөкен. Сәл қарны ашса болды, күйгелектеніп, ашушаң болып кетеді. Сондықтан да Бөкен кезекті көбірек бұзып, тамаққа өзі кірісіп кететін өдеті бар.

Бірде ол сол өдетіне басып, ыңылдап өлең айтып, тамақ істеп жүрмей ме. Жігіттердің “Қандай тамақ жасап

жатырсың?” — деген сұрағына: — Палау, — деп тіл катады. Бір уақытта Бөкеннің палауы да дайын болды. “Палау жейтін болдық қой” деп риза болып жымындасқан біздер дастархан басына жиналдык. Бөкеннің палауы да келді. Сөйтсе палау дегені — кәдімгі күріш ботқасы. Бізге тамақ болса болғаны — таласа-тармаса, бір-бір қасыққа жармастық. Бірақ Бөкенді бір сөйлетпесе ішкен асы бойына сіңбейтін Мұхтар деген жігітіміз:

— Бөке, палауың — “палау-ақ” екен. Тек келесі жасағанда майын көбірек қосып, күрішін азырақ сал, сонда бұдан да тәтті болады, — дейді. Оның бұл сөзін жақтырмай қалған Бөкен:

— Қазіргі заманда тамақтың тәттілігінен гөрі, көптілігі жақсы емес пе. Не болса да бір тоя жегенге не жетсін, — дегені. Біз күлкіге көміліп қалдық. Иә, Бөкен біліп айтады. Аш-күрсақ студенттердің бір тойғаны, шынғында-ақ шала байығаны ғой. Әйтпесе, бүгінгі заманда дәмді тамағына кім тояр?!

Ол кезде біз бірінші курста оқимыз. Бір бөлмеде төрт жігіт тұрамыз. Әрине, ол кезде бірінші проблема — тамақ, сонан кейін сабақ. Ауылды жерден келген алпамсадай жігіттерге асхананың шөкімдей тамағы жұғын бола ма? Алатын стипендиямызды бір-екі күнде сыралатып құртып қоямыз да, келесі айға дейін аш жүргеніміз. Сөйтіп жүргенде бір күні ойламаған жерден ұятты қонақтар келіп қалмасы бар ма, түркістандық Ермахан Әбдіраманов деген досымыздың туған құдашасы. Жалғыз болса бір сәрі, жанында екі жолдас қызы тағы бар. Ал енді қайттік? Атам қазақ алыстан арнайы іздеп келген қонаққа қой сойып қарсы алады, ал студенттің жайы белгілі. Сонда да “ең болмаса, шай беріп жіберейік” деп, айда кеп, жүгірдік. Жүгіріп жүріп біреуден шөйнек, біреуден кесе, біреуден нан, енді біреуінен қант дегендерді әрең таптық. Енді қанша жүгірсек те ештеңе шықпайды. Неде болса, “барымен базар” дедік. Дастарханға қояр мәнді ештеңе болмаған соң үніміз шықпай, дінкеміз құрып отыр. Бір уақытта Мұхтар Атабеков деген сайқымазақтау жігітіміз нанды неше түрлі қылып турады да: — Ал, қыздар, еш қысылмай үш бұрышты, төрт бұрышты, көп бұрышты наннан алып отырыңыздар, — дегені. Бәріміз Мөкеннің тапқырлығына риза болып, ду күліп жібердік. Жайсыздықтың бір белгісі де қалмады, ары қарай қыздармен әңгімеміз де жарасып, өзідесе отырып шай ішістік.

Тағы бірде курстасымыз Бауыржанның келіншегі босанып, бәріміз шілдехана тойында бас қостық. Ыстық ықылас пен жақсы тілектер айтылып жатыр. Әдеттегідей ең соңында бақытты анаға сөз берілді. Ол өзі ұяндау келіншек-тұғын: — Не айтарымды білмей киналып тұрғаным, — деді қызарақтап. Сонда жанында тұрған күйеуі: “Сөз айту бала туудан қиын емес шығар, бірдене десеңші” дегені. Бәріміз күлкіге қарқ болдық та қалдық.

Екінші курсты бітіріп, өзіміздің жігіттер құрылыс отрядын құрмақшы болдық. Жүгіріп жүріп дегенімізге жеттік. Дүниеге “Алаш” атты жаңа отряд келді. Басшымыз — Бақытбек Атаев та, комиссарымыз — Ормаш Мырзағалиев. Сол комиссарымыз Орекен ауылы Атырауға барып, басшылармен келісіп, шарт жасасып, бізге хабар бермекші. Оның айтуынша, ауылында жаңа мектеп салуды ұйғарған екен. Біз бар болғаны бес-алты аптада білдей бір мектепті бітіріп беруге уәде еттік. Енді тек ауылына кеткен Орекеннен хабар келсе болғаны. Бекер, обалы не керек, Орекен тілдей қағаз жіберіпті, онда “Бүгін сағат бесте сөйлесейік” деген екен. Алдын ала жолымызды жуып, сыраханада сілтеп отырғанбыз. Бір уақытта Бақытбек: “Жігіттер, мен кетейін, Ормаш маған “приговор” беріпті” дегені. Біз болсақ, “ойбай, ол жаққа барма, атыласың” деп күліп жатырмыз.

Бірде сол Мөкен сабаққа Ғабекенмен бірге келе жатады. Түнімен туған күнін тойлаған Мөкеннің жағдайы мәз емес көрінеді. Аузынан бұрқырап арақтың иісі шығып тұрса керек. Ғабекене қарап сөйлеген сайын ол мұрнын тыжырайта беріпті. Ақыры шыдай алмаған Мөкен “Не, жақтырмай келесің бе, неменеге тыжырайа бересің?” деп сұрапты. Сонда Ғабекен: — Енді қайтем, аузыңнан “переговор” ұрып тұр, — деген екен.

3 курстың аяғына қарай, мамыр айында курстасымыз жамбылдық Біржан деген жігітіміз үйленді. Алматыда, жатақханада екі жастың қосылу рәсімін атап өткенімізбен,

үлкен той Жамбылда болатын болды. 3 курс дегеніңіз есейіп қалған ересек курс, бір жағынан Жамбыл дегенің мына тұрған жер емес пе? Әйтеуір, не керек, тойға барамыз деп жұлқынып жүрген қыз-жігіттер жетерлік. Бұл тойға бастап алып барушы Біржанның жерлесі, әрі өзіміздің курстас Болатбек болды.

Ұбап-шұбаған бір қора қыз-жігіттер таңертеңгі пойызбен Жамбылға келіп түстік. Енді теміржол вокзалынан автобекетке (автовокзал) жету керек. Бәріміз аялдамада тұрмыз. Бөкеннің айтуы бойынша автобекетке жету үшін ғ20 автобуска отыруымыз керек. Міне, дйттеген автобусымыз да келіп тоқтай қалды. Барлығымыз жамырап, сол автобуска қарай жүгірдік. Сол уақытта Бөкеннің:

— Әй, тоқтандар, ол бармайды, — деген даусы естілді. Біз аң-таңбыз. Жаңа ғана ол тек 20 автобус барады деген еді. Енді бұл қай мазағы?! Түкке түсініп тұрғанымыз жоқ.

— Енді қайсы барады, — деп дүрсе қоя бердік. Сасып қалған Бөкен:

— Жігіттер, мен осы жерден ығи да сары автобуска мінетінмін. Мынауың қызыл ғой, — дегені. Болатбектің алаңғасар мінезін білетін біз күлкіге қарқ болып жатырмыз.

МҰХТАР АТАБЕКОВКЕ

Ұлы дүрмекпен,
Астанаға кеттің.
Радиоға жұмыс істеп,
Көңілінен шықтың көптің.
Енді бір қарасақ,
Шымкентке өттің.
“Заманада” жүріп,
Әрін кіргіздің “беттің”.
Жазуыңда мін жоқ,
Өзіңде бірақ, үн жоқ.
Өттең, байланыс құрып,
Жігерді құм еттің...

МҰРАТ ҚОЖАМҚҰЛОВҚА

“Хабарда” жүрген Мұрат
“Москваға кетті” дегенде,
Қала жаздадық құлап,

“Қазақтың қара баласы
Қалай жазады деп орысша құрап”.

Сөйткен біздің Мұрат
Екі тілде де сайрады —
Ашылғандай бұлақ.
“Қазақстанға” келгенде,
Шүйлікті бізді сынап.
“Шала орыс
Не үйретер?” десек,
Сөзі кесек.

Сөйтсек, елде-ақ тұрып,
Сөзіміз кетіпті құрып.
Бұны түсіндік біз
Мұраттың жанында жүріп.
Енді жатқан жағдайымыз бар
Кедір-бұдырымызда сылып.
Тілімізді қайтсек,
Етеміз деп тұнық.

БАҚЫТЖАН ҚОСБАРМАҚОВҚА

Журфакқа ақын болып келдің,
Қабырға газетін шығарып,
Түстің алдына елдің.
Бас редактор өзің,
Мірдің оғындай сөзің.
Жазғанымыз жарамай,
Таусылып ед төзім.
...Дипломды қолға алғанда,
Бәріміз үкіметтің баспасөзіне барғанда
Сен “бүйректен сирақ шығарып”,
“Аруанаға” тұрдың.
Сөйтіп, үкіметтің өзіне “қақпан” құрдың.
Аиы шындықты айтқан,
Ағайынға да жақпас.
Ешкімнен қолдау таппас,
Сен де жабылып тындың.
Содан көп жыл өтті,
(Көтеріліп жатыр ғой шетінен епті).
Өлеңге өкпелеп,
Жазуды тастап,
Бақытжан баспагер боп кетті.

СЕРІК МҰҚАШҚА

Ғабиттің жанында жүрген Серік
"Өркенге" барып,
"Егеменнің" тұсауын
Кескен жігіт.
Бизнесті де көріп,
Біраз тер төгіп,
Еңбегі ақталған — Серік,
Жүрген жерінде мақталған — Серік.
Шалбарының қыры сынбай,
Өзі тартылған сымдай,
Қыздың көз құрты болған Серік,
Бүгінде қызметі өсіп толған Серік.
"Айтылған сөз —
Атылған оқ", — деп
Қызметке қолды бір-ақ сілтеп,
Алматыға қайтқан Серік.
Арғы жағын айтқан Серік...

P.S.: Біздің Серік —
Уәдесіне берік.
Серік, Серік, Серік,
Кетсеңші менің де
Жағдайымды көріп.

ЕРМАХАН ӘБДІРАМАНОВҚА

Біртүрлі көзің,
Бір түрлі сөзің,
Бір түрлі "бетің"...
Әйтеуір, Ермахан —
Бір түрлі етің.
Жазғаны "шылық",
Сын-сықақ, "былық".
Бюрократтарға жүрген,
Қақланып құрып,
Кітабында шығарыпты
Бір түрлі қылып!

НҰРЖАН ҚҰСАЙЫНОВҚА

Поэма жазып жүр десек,
Прозаға көшіпсің.
Ғалымдық жолға бет бұрып,
Бір өткелден өтіпсің.

Жазушы-ғалым атанған,
Ақындардан бата алған.
Біздің Нұржан бүгінде
Озып шықты қатардан.

ҒАБИТ МҮСІРЕПКЕ

"Өркенде" өркендеп,
"Егемендіде" ер жеттің.
Жақындау едің Жамбылға,
Астаналық боп кеттің.

Ғылыми атақ іздеген,
Бөйбішең келіп Таразға.
Кездесіп біз сізбенен,
Мауқыны бастық біразға.

Жабырқап мен жүр едім,
Жарылардай жүрегім.
Кандидаттығын қорғаған —
Доцент болсын, тілегім!
Қорғамаса Перизат,
Келмесіңді білемін!

БАУЫРЖАН ҒҰБАЙДУЛЛИНГЕ

"Алматы ақшамынан" бастап едің,
Күнде жазсаң да,
Жұмыстан қашпап едің.
"Ақжелкенге" барғанда да,
Өндіре жазып, саспап едің.

Сөйте, сөйте жүріп,
"Халық кеңесіне" тұрып,

Бір-ақ шықтың Оралдан —
Ауылға мойын бұрып.

Жабылып еді газет,
(Дүние деген кезек),
“Алтын Ордаға” кірдің,
Теріп кетпей тезек.

Бұған дейін,
Қалдырмай кейін —
“Орал өңірінде” болдың.
Енді, міне, қонжиып,
Креслоға қондың.
Бас редактор — нар ғой,
Беделің сенің бар ғой.
Басқаларға жас, ал бізге
Білдей шал ғой!

ҚАНЫБЕК ӘБДУЕВКЕ

Қыздар көрсе бас салып,
Бышылдатып сүйетін.
Анаған да, мынаған
Ғашық болып, күйетін.

Гитарасын сабалап,
(Шашы ұйпа-тұйпа, сабалақ)
Өлең айтып жүретін —
Қаныбектің “Ой-көзін”
Бүкіл Журфак білетін.

Алматыдан “қуылып”,
Шымкенттіңнен “суынып”,
Қызылордаға кеткелі,
Шықпайды даусың булығып.

“Жаным-ау”, - дейтін сөзіңді,
Ұмытпаймыз өзіңді.
Жарқ етіп бір көріңші,
Тауыспай сен төзімді.

НҰРЛАН ҚАЛҚАЕВҚА

“Жас алаштың” тілшісі —
Нұрлан едің Қалқаев.
Қыздарға тиіп қырғындай,
Жүре алмаушы едің талтайып.

Үкіметке өткенде,
Тағы бір саты өскенде,
Жігіттер жүрді марқайып,
“Күшті” деп біздің Қалқаев.

Сөйткен біздің Қалқаев,
Отырып ап жайланып.
Жаза-жаза өлеңді,
Шығарып кітап көлемді —
Ақын болды шалқайып!

СТУДЕНТТЕР ӨЗІЛІ

Жігіт өзінің жүріп жүрген қызына қарап:
— Сүйіктім, сені бір рет сүйсем — өртеніп кетер едім.
— Онда сүймей-ақ қой...
— ?!

* * *

Сүйіктім, егер сен маған тұрмысқа шықсаң, мен сені
мойныма көтеріп өтер едім.
— О не дегенің, елден ұят қой.

* * *

— Ау, достым, сені кеше телевизордан көрсетеді дегенің
қайда?
— Сенің телевизорың қандай еді?
— Кәдімгі ақ-қара түсті “Рекорд” қой.
— Е, бәсе, мені түрлі-түсті телевизордан көрсетті ғой.

- Жаным, мен сені жақсы көремін.
- Не дейсің, тағы да айтшы.
- “Мен сені жақсы көремін” деймін.
- Тағы да..., тағы да айта түсімі.
- Мен сені сүйемін.
- Тағы да, тағы да!..
- Ой, өзің саңыраумысың?!

ЕЗУТАРТАР

- Балам, дүние жүзі бойынша мәдениетті қай ел?
- Немістер, ата.
- Олар мәдениетті болса, КСРО-ға неге соғыс ашты?
- Мәдениет үйретейін деп те.
- Мәдениетті үйреткісі келсе, соғыспай-ақ жайлап айтпай ма?
- Мәдениетсіздерге ме?

- Балам, осы біз тәуелсіздік алғанымыз рас па?
- Рас, ата.
- Егер рас болса, әлі күнге дейін басшыларымыздан бастап жиналыста неғып орысша сөйлейміз?
- Сіз де қызықсыз, ол жерде орыс ағайындар отырады дегендей... Оларды да сыйлау керек қой.
- Жарайды сонда олар бізді қашан сыйлайды?
- ?!

- Балам, қазақтардың шешен халық екенін барлық ел мойындайды ғой?
- Мойындайды, ата.
- Ал, сол қазақтардың жағдайы неге мүшкіл?
- Өйткені, біз сөзге бармыз, іске жоқпыз.

- Орыстар мен қазақтардың айырмашылығы бар ма?
- Бар. Орыстар — европеид. Қазақтар — монғолоид.
- Ал, ұқсастығы ше?
- Екеуі де ішуден алдарына жан салмайды.

- Жапондар мен қазақтардың айырмашылығы неде?
- Қазақтар бастары бос, қолымен жұмыс істейді.
- Жапондар қолдары бос, бастарымен жұмыс істейді.

- ТМД-дағы орыстардың ішінен еврейді қалай ажыратуға болады?
- Еврейлер: — “Қарапайым” орыспын, — дейді, орыстар: — “Ұлы” орыспын, — дейді.

- Ата, осы сіз ғой феодализм кезінде де, енді міне капитализмде де өмір сүріп келесіз. Шыныңызды айтыңызшы, қай заманда өмір сүрген жақсы екен?
- Е, несін айтасың, балам, бай болсаң — феодализмде, кедей болсаң — социализмде, ұры болсаң — капитализмде өмір сүрген жақсы ғой.

- Ата, сіз бүгінде 10 бала, 20 немере, одан шөбере сүйіп отырсыз. Құдайға шүкір, ұлдарыңыз — ұяға, қыздарыңыз — қияға қонып, немерелеріңіз ер жетіп, бой жетті. Шөберелеріңіз де құлпырып өсіп келе жатыр. Олай болса, бақыттысыз ба?
- Жоқ.
- Неге?
- Өйткені, мен сүйгеніме қосыла алған жоқпын.
- Ал, ата сіз ше?
- Мен әбден бақыттымын!
- Неге?
- Өйткені, мен мынаның сүйгенін ұрлап алып кеткенмін!

* * *

Әйелі күйеуіне:

- Қымбаттым, бүгін киноға барайықшы!
- Жок, футболға барамын.
- Немене, футболдың менен артық болғаны ма?
- Әрине.
- Сонда қалай?
- Өйткені, сені күніге көремін, ал футболды анда-санда ғана.

* * *

Профессор студентке:

- Сен бала менің сабағымнан көп қалдың ғой...
- Кешіріңіз, ағай, ауырып қалдым.
- Анықтамаң бар ма?
- Ол анықтама бермейді екен.
- Оның кім?
- Халық емшісі.
- ?!

* * *

Үйге шақырылған жедел жәрдем дәрігеріне:

- Өтінемін тезірек жүріңізші, өліп барады.
- Е, онда мен сыртта күте тұрайын.
- Неге?!
- Бәрібір дәрі-дәрмегім жок.

* * *

“Адам маймылдан жаралды” деген рас па?

- Рас болса, рас шығар.
- Оны неге сүйеніп айтып отырсыз?
- Ішіп алған адамдарға қараңызшы, маймылдан несі кем?

* * *

Журналист экономистке:

- Айтыңызшы, мына заман қашан түзеледі?
- Жақында.
- Оны қайдан білдіңіз?

— Енді жалаңаш жүргеніміз болмаса, құлдилаудың шегіне жетпедік пе?

* * *

Коммерсант студентке:

- Алатын степендияң қанша?
- 1000 теңге.
- Өліп қалмай қалай жүрсің?
- Тірі әруақ сияқты.

* * *

Баскетболшы футболшыға:

- Осы сендер неғып, 11-ін жабылып жүріп арбадай қақпаға доп соға алмайсындар?
- Сені де көрер едім, аяқпен тамақ жегізіп қойса.

* * *

Жас жұбайлар:

- Сүйіктім, сен мен жоқта біреуді тауып алмайсың ба?
- Олай демеші, жаным, мен ешқашанда өйтпеймін.
- Рас па?
- Рас.
- Онда мен еш алаңсыз қыдыра беруіме болады ғой?
- ?!

* * *

Журналист коммерсантка:

- Баюыңның басты себебі неде?
- ?!
- Сіз сұрағыма түсінбей қалдыңыз-ау деймін, сіз осындай дәрежеге қалай жеттіңіз?
- ?!
- Не, тіл-аузыңыз байланып қалған ба?
- Жок, ең бастысы — жасап жатқан тірлігің жайлы жария етпеуде.

МАРАДОНА – ҚАЗАҚСТАНДА

Атақты футболшы Марадона Испанияға өкпелеп, тура Қазақстанға тартыпты. Әрине, оның бұнда келуіне “Қайрат” командасының бас бапкері Байсейітовтің ықпалы зор болған. Ол Марадонаға айына 1 миллион доллар қолма-қол санап беруге уәде еткен. Байсейітовтің бұл қылығына “Қайратта” ойнайтын қазақ футболшылары өкпелеп, енді қарсыластар қақпасына гол салмаймыз деп отыр. Салмаса, салмасын, онсыз да жетістіріп жүргені шамалы, есесіне Марадонаның естен тандыра, айызымызды қандыра салатын голдарын көретін боламыз. Айтпақшы, Марадона “жалақымның үстіне тағы да 1 млн. доллар қоссаңыздар, Қазақстан құрама командасында ойнаймын” деп, екі иығын жұлып жеп жүр. Ойнаса, ойнасын, Қазақстан құрама командасында кімдер ойнамай жатыр. Қайта Марадонаның көзі қара, өзі қара, кім білсін, мүмкін арғы атасы қазақ шығар.

Бірақ оның құрамада ойнауы үшін, көп кешіктірмей, айтқан ақшасын алақанына салуымыз қажет. Қазақстан футболының тағдыры шешілейін деп отырғанда, коммерсант мырзалар қол ұшын берем десеңіздер, мекен-жайымыз міне, жарайды, футбол басталғанда айтам...

ЕЛСІҢ – ҚАЗАҚ

Айтпақшы, Ельциннің арғы атасы қолына құрық ұстап қой баққан кәдімгі қарапайым қазақ екен! (Онысын, әрине, өзі мойындамайды. Әйтпесе, Ресей Президенті қайдан болсын? Бірақ соңғы кезде Хасбулатов сезіп қойса керек). Бүгінде бұны естіген кейбір қазақтар оны Ұлы жүз деп жүр. Онысы далбаса. Ол – Ұлы да, Орта да, Кіші де жүз емес. Ол – қожа! Кәдімгі көзі көк, шашы сары нағыз қожаның өзі. Арабиядан мұсылман дінін тарату үшін Қазақстанға көшіп келген әкесі, ең кенже баласын “осы елге сіңсін” деп атын “Елсің” қойған екен. Бірақ Елсің әулеті қазақ жеріне сіңе алмады. Бертін келе орыс-қазақ шапқыншылығы кезінде қазақтың бірнеше түтінін олар алдарына салып айдап кеткен көрінеді. Соның ішінде Елсің әулеті де кете барыпты. Өте өкінішті-ақ!

ОРЫСТАНЫП КЕТКЕНДЕР

Сүйінші! Алла Пугачева қазақ екен. Қазақ болғанда да, кәдімгі ұлы жүздің Үйсіні. Үйсіннің ішіндегі Дулаты болып шықты. Оның арғы атасы Емельян Пугачев бастаған көтеріліске қатысқан нағыз хас батыр. Ол кісі Пугачевтың оң қолы болыпты. Ержүрек бабамыз “жорыққа аттанарда аяғы ауыр әйелімен қоштасып тұрып: “Алла жар болсын, озінді бір құдайға тапсырдым, ұл босансаң – Аман, қыз босансаң атын Алла қой” деп кете барыпты. Ол кезде ерінің айтқанын екі етпейтін заман ғой. Ал фамилиясы Пугачев болған себебі, ең жақын досы қайтыс болғанда қатты күйзеліп жүрген ол досының фамилиясын қызына бергенге ұқсайды, нағыз тамыр деп осыны айт, Бұндайлар бізде аз ба?..

КОЛБИН – МҰСЫЛМАН

Кеше құлақ түрерлік оқиға болды. Мәскеудің “Маяк” радиостансасынан Колбин 1986 жылғы желтоқсан оқиғасын еске алып, әуелі Құдайдан, сонан соң қазақтардан кешірім сұрайды. Сөзінің соңында, ол: “Егер қазақтар күнәмді кешірсе, мұсылман дінін қабылдап, Көлбайұлы болуға даяр” екенін мәлімдеді. Бұған не дейсіздер?

ЕСТІРТУ

Мен сіздерге бір тамаша мақала алып келдім, соны шығарсаңыздар екен. Қаламақысы оздеріңізде қалсын. Жуғаным болсын, сыра алып ішерсіздер.

- Жарайды, оқып көрейік. Тастап кетіңіз.
- Ертесіне әлгі кісі редакцияға хабарласады:
- Кешіріңіз, менің мақалам не болды?
- Өкінішке орай, сыра іше алмайтын болдық.

КҮЙІК

Журналистің әйелі күйеуіне: – Осы сендер жұртқа баспасөз бетінен “арақ ішпендер” дегенде бөледейсіңдер, ал оздерің неғып ішесіңдер?

- Күйіктен.
- Қайдағы күйік?
- Ақылымызды алмаған соң, күйеміз де...

ЛАЖСЫЗДЫҚ

Журналист түннің бір уағында жедел жәрдемге хабарласады.

– Алло, дәрігер, өтінемін, тезірек жетіңізші, кішкентай қызым қаламсабымды жұтып қойды.

– Астапыралла, не дейді? Енді не істеп отырсыз?

– Не істеуші едім, лаж жоқ, қарындашпен жазып отырмын.

ЖУУ

Ішіп келген журналист әйеліне ақтала:

– Бүгін бізде кім қонақ болғанын білесің бе? – деді.

– Кім?

– Анау “пәленше” деген ақиық ақынның өзі. Біздің газетке өлеңі шыққан еді, соны жудық... ық-ық...

Ертесіне күйеуі тағы ішіп келеді.

– Ой, бүгін “түгенше” деген атышулы жазушының әңгімесін жудық... ық...ық..

Келесі күні тағы да мас болып келген күйеуіне:

– Тағы да ақын-жазушыларың келді ме?

– Жоқ, енді өзімнің әңгімем шықты. Ық...ық...



III БӨЛІМ

Әзіліңіз
жарасса...



СӘЛІМ ІНІМЕ

Студент болып келіп ең,
Соңымнан менің еріп ең.
“Ағалап” сен жүргенде,
Мен өзіңе сеніп ем.

Кұдай істі оңдады,
Әруақ сені қолдады.
Жұмысқа кеттің ілініп,
Бақытты адам — сол дағы.

Сенімімді ақтадың,
Жалқауланып жатпадың.
Қиын-қыстау кезеңде
Ағаңды еш сатпадың.

* * *

Біле білсең, бауырым,
Інісі бардың — тынысы бар.
Ал, інісіне ағасының
Еш бітпейтін бір ісі бар.
Айтқызбай-ақ түсінесің —
Бізде кімнің қандай жұмысы бар?!

КӨСЕМӘЛІГЕ

(“Жас алашқа” 80 жыл толуына орай)

Шындық деп соғар жүрегі,
Халық оның тірегі,
“Жас Алашты” бүгінде
Елдің бәрі біледі.

Бетпе-бет қалған нарықта,
Жанашыр болып халыққа.
80-ге келген “Жас Алаш”,
Айтудан шындық жалықпа!

Шерағаңның шинелі,
Шинелі оның киелі.

Сол шинельден шыққандар —
Тек шындықты сүйеді.

Соның бірі — сапта өлі
Жамбылдық жгігіт Көсемәлі,
Яғни, біздің тілшіміз —
Шындықты айтар сынышымыз.

“Ақ жолдан” бастаған,
“Егеменде” де қызмет істеп тастаған.
Ақиқатты ту етіп,
“Ақсақалдармен” айтысудан қашпаған.

Бұның бәрі, елдің қамы,
Халықтың әлі-ақ атар таңы.
Жасай бер, “Жас Алаш”,
Жаза бер, Көсемәлі.

АБДОЛЛА БАҚБЕРГЕНОВКЕ

(өріптеске өзіл)

Ар-ожданым сақтапты,
Үйінде тыныш жатпапты.
“Азатпенен” аттанып,
Шеруге шыққан шаттанып;
Казактарды тоқтатты!
Үдере қуып бәрін де,
Жеті атасынан боқтапты!!

Сөйткен біздің Әбекең,
Бір жұмысты бастапты,
Бастапты да тастапты,
Бірақ ешбір саспапты.

Газет ашып жаңадан,
Оқымай жатып жан адам,
Оны да да жауып тастапты,
Бірақ ешбір саспапты.

Қорға барып қонжып,
Отырып-ап шолжып.

Жұмыс істей бастапты,
Бастапты да тастапты,
Бір еш саспапты.

Мейрамханаға барыпты,
“Зам” боп орнығып алыпты,
“Самға” бірақ қол жетпей,
Одан да кетіп қалыпты.

Әйтсе де, ол саспайты,
Отырып-ап жайланып,
Әрі-бері ойланып,
Өлең жаза бастапты.
Бастапты да “о тоба!”
Жазудан әлі қашпапты,
Депутат болған Әбекең,
Міне, осындай жан екен!

ФАЗИЗАҒА

— Жазғаны қалай?
— Әзірше жоқ дау-дамай.
— Әфирге шыққаны қалай?
— Өтті ғой хабары талай.
— Жүріс-тұрыс, күліс?
— Бәрі де дұрыс. Тек...
— Ол не ед?
— Бір өзі бір кабинетте
Отырғаны болмаса...
— Ә, оның бәрі далбаса.
— “Что-то подозрительно”.
Дегенім ғой...
— Хмм...
(Ары қарай шықпады үн).

МӘДИНАҒА

“Ақпарат қайда, ақпарат?” —
Деп жүргені шапқылап,
Бермей қойсаң бір сюжет —

Айтып тастайд қаттырақ,
Нәзік жанды, ақыным,
Саған айтар ақылым —
Бәрі артта қалады,
Өлең болар жақының!

ЛАРИСАҒА

“Бала, оқу, бала”, — деп,
Жарты ғұмыры өтіпті.
Көзді ашып жұмғанша,
Қырықтан асып кетіпті.
Қырықтан соң құлпырып,
Лариса шықты жұлқынып.
Ұстаздықты тастады,
Журналист бола бастады.
Педагог Әлекең тұрғанда,
Ешнәрседен саспады.

ЕС-АҒАҒА

“Ауыл қалай, ауыл” деп,
Жүріп еді қамын жеп.
Президент те бет бұрды,
Ауылда ел-жұрт, бауыр деп.
Қашушы едік ауылдан,
Ұят болды-ау қауымнан.
Ауыл енді түлейді,
Есағаң қолды білейді.
Есаға — біздің 5 аға!
Ұмытып кетпе сыбаға,
“Жмот” болма тым, аға!

ТЕЛІҒАРАҒА

“Ақырын жүріп, анық бас,
Еңбегің кетпес далаға”,
Өтті, кетті сері жас,
Артқа тіпті, қарама.
Үйріңнен адасып,

Шығып қан ең жағаға,
“Қайтқан малда қайыр бар”,
Күшіңді енді шамала!

АСЕКЕҢЕ

Телевизорды қоссаң —
Асқарбек,
Радионы бассаң —
Асқарбек,
Ана хабарды жүргізіп
Отырған да — Асқарбек,
Мына хабарды жүргізіп
Отырған да — Асқарбек,
Асқарбек-ау, Асқарбек,
Қоятұғын болдың ғой,
Тыңдарманның миын жеп.

НАИМБЕККЕ

Бір, екі, үш!
Қайда қарулы күш?
Адмирал еді арман,
Бүгінде өдірем қалған,
Автоматтың орнына,
Қаламсап қолына алған,
Ұтыла қойған жоқ —
Наимбек Бағбан!

МАЙРАҒА

Мамандығын сүйеді,
Жұмыс үшін күйеді,
Өз ісіне ұқыпты,
Көп нәрсені ұтыпты.

ҚАРЛЫҒАШҚА

“Хабар қайда, хабар?” — деп,
Қас-қабағын қар жауған.
Хабар берсең күлімдеп,
“Құтылдың”, — дейді, — сен даудан.
Құтылғаны құрысын,
Тағы хабар тұр алда.
Қарлығаштың жүрісін
Сезгізіп тұр бір Алла.
Бар ма бұған амалың,
Жоспарда тұр хабарың.
Туфлиі тақылдап,
Қарлығаш келеді жақындан!

ЕРЖАНҒА

Оператор “молодой”
Клишасы — “Күдіре”.
Күндіз — съемка, түнде — той,
Шаршаның ғой, жүгіре!

НӘЗИЛАҒА

“Должнысы” домалап,
Қысқарып кетті — обал-ақ!
Бірақ, бағынады бәрі де,
“Бас режиссер” әлі де.

КҮЛӘШҚА

Ұйымдастырғаны —
Тікелей эфир,
Ішетіні —
Сметана мен кефир.
Хабардың Құдайы осы —
Есағанның досы!

ГҮЛСІМ МЕН ҚАЛИЯҒА

Екеуі де өнерлі:
Біреуі ән шығарса,
Қатырып айтады біреуі
Домбырамен өлеңді.

ӘЛМҰҚАН АҒАҒА

"Отан, Отан, Отан" деп,
Еңбек етіп тер төкті.
Ақырында "Отанға"
Төраға боп кетті.

БЕКЕНЕ

Күндіз-түні ЖТД-да жүреді,
Көңілденсе, рахаттанып күледі.
Ашуланса, қаһарына мінеді.
"Нет проблем" — оны бәрі біледі.

ТИМУРҒА

"Астана" деп жүреді,
Нұрғали оның тірегі.
Бару-бармау, бармасын,
Бір Құдайым біледі.

ДАНИЯРҒА

Операторлығы режиссерлігінен күшті,
Ал, редакторлығына көпшіліктің көңілі күпті.
Бірақ, Мәуленов досы тұрғанда,
Тексті мықты!
Жарты ставкада жүргенде,
Аш құрсақ боп өмір сүргенде.
Жоғалып кетіп бір апта,
Хабар жасаушы еді өлмейтін.

Көрген адам өз көзіне сенбейтін,
Айманов киностудиясы жасайтын
Аниша-мыниша фильміне бермейтін.
Толық ставкаға көшкелі —
Көңілі ток.
Таңертең 9-да келіп,
Кешкілік 18.00 кетеді —
Хабары жоқ.

ЕРМЕККЕ

Жұмыс істегеніне —
Көп болған Ермек,
Бүгінде ол —
"Дед" болған Ермек!

ҚУАТ БОРАШЕВҚА

Мұңдасым да сырласым,
Өзің едің Борашев.
Таразда бірге жүргенде
Жігіт едің қолы ашық,
Күнде — мейрам,
Күнде — той,
Талай қызық өтті ғой.
Айһойлатқан — 25!
Келмеске, сірә, кетті ғой.
Бір-ақ сілтеп қолыңды,
Астанаға сен кеттің.
Күте-күте жолыңды
Артыңнан іздеп мен жеттім.

Мұңдасым да, сырласым,
Өзіңсің ғой Борашев.
Қайт-қайта келуге,
Екі ара жол қашық.
...Тастамай мені Таразға,
Алып кетші жол ашып.

СЕРІК ӘБДУӘЛІГЕ

Мен көргенде сен бала Серік едің,
ҚазМУ-ге 17-де келіп едің.
Қолыңнан түспей домбыран,
Өлең айтып желіп едің.

Өзіңді көріп сонда біз,
Қуанып қатты қалғанбыз.
Той-томалаққа апарып,
Додаға сені салғанбыз.

Содан бері
Асаба болып кәсібің,
Теріп жедің нәсібің.
Алматы, Шымкент, Таразда
Тамада болып тасыдың.

Дөкейлердің тойларын —
Басқарып бәрін қоймадың.
Мамандық қалып жайына,
Күндіз-түні тойладың.

Жайлауға кетіп жағаңыз,
Көк тиын болды бағамыз.
Таразға келіп жүрсең де,
Ұмыт болды ағаңыз...

Жүрсең-дағы жырақта,
Тілеулес болдық бірақ та.
“Аман болсын” дедім ғой,
Жолықпасаң да братқа!

Жарқ етіп сен бір күні,
Теледидардан көріндің.
Жеңгең сұрап сүйінші,
Тасығанын көрсең көңілдің!

Қазақстан Ұлттық арнасы —
Достығымыздың жалғасы.
Қуанышымыз қайта қауышты,
Көз жазып енді қалмашы.

Қояйын деп сені маған,
Өкіл әке қылдым
Қызыма атап.
Шілдеханаға шақырмағанда,
Болар еді-ау қатты шатақ.

Бауырым, Сикым Серік,
Уәдеге сен де, мен де берік.
Балалар тойын жселеулеп,
Жүрейікші осылай барып-келіп.

АСҚАРЖАН СӘРСЕККЕ

30 жасқа жетпей-ақ,
Орданы сен бұзып ең.
Андерсонның сыйлығын
Алғашқы алған бұзық ең.

40-та қамал алатын,
Ұзағынан шабатын
Көрінбей кеттің, Асеке,
Тауысып балалар тағатын.
50-ге келіп ер жасы,
Қанатыңды қомдадың.
“Міне, қызық, керемет!”
Балаларға жолдадың.

Тауысып ең төзімді,
Сағыныппыз өзіңді.
Көрсетіші қалай жазуды,
Шегелеп әр сөзіңді!

СЕРІ ЖІГІТ (Серік Қалиевке)

Домбыра ұстаған Серік,
Өнерін ұштаған Серік.
Ақындар айтысына түсіп,
Мұрттай ұшпаған Серік.

Қыздай қысылған Серік,
Қалам ұстап ысылған Серік.
Өлең жазып халқына,
Кітап қылып ұшырған Серік.

Басына бақ қонған Серік,
Астына тақ қонған Серік.
Асықпай жүріп, аяңдап
Газетке сақ қонған Серік.

Газетті бастаған Серік,
Тілші жастан Серік,
Рухани азыққа айналсын —
“Дүние-дастан”, Серік!

СИДНЕЙ ОЛИМПИАДАСЫНЫҢ КҮМІС ЖҮЛДЕГЕРЛЕРІ

БОЛАТ ЖҰМАДІЛОВ пен ИСЛАМ БАЙРАМУКОВКЕ

Қос қыраным ерледі,
Намысты қолдан бермеді.
Жекпе-жек шыққан жігіттер,
Оларға шақ келмеді.

Ел үміті ақталып,
Қырандарға бақ дарып,
Сыңғыр қақты күмістер —
Халқымыз жүр мақтанып!

ЕРМАХАН ЫБЫРАЙЫМОВКА

Атлантаға барып ең,
Қола медаль алып ең.
Іште кеткен қызжылды
Жаттығуға салып ең.

Сиднейге аттанып,
Барып едің баптанып.

Алтын медаль алдың да,
Қайттың елге шаттанып!

Қазағың тұр аспандап,
Жастар қалай жасқанбақ
Олимпиадаға апарар,
Алтындалды баспалдақ!

АМАН МАЛДЫБАЕВКА

Тараз күйі төгіліп,
Өлең келді өріліп.
Аман шығарған ән-күйге
Ел-жұрты жүр еліріп.
Өлең айтып би-билеп,
Шын көңілмен беріліп.

Олай болса, Аманым,
Сазгер болдың, жарадың!
Атақ-даңқты берер ем,
Бар ма менің амалым?

ӨЛДІХАН ҚАЛДЫБАЕВКА

Балаларға базарлық —
Біраз кітап сыйладың.
60 жасқа толған соң,
“Ата” жинақ жинадың.
Іші-сырты әдемі —
Көз сүйінер қараса.
Оқырмандар оқып-ап,
Мәз болады балаша.
Тамаша кітап, тамаша!
...Бірақ, оның бағасы...
Бағасы да жаңаша!

М.ШЕРІМОВКЕ

Жүгіріп жүріп,
Әр кабинетке кіріп,
Ашып алдыңыз “Жұдырық”

Жазылдық оған жұмылып,
Қуандыңыз сіз,
Өкінбедік біз.
Енді бір қарасақ,
Міне — тамаша!
Отырып алып оңаша,
Сценарий жазып жатырсыз жаңаша.
Әрине, “Тамашаға” — тамаша!

ЖАСАЙ БЕР, “АРА!”

— Газет шығыпты жаңа,
Аты — “Ара”.
— Ой, ол баяғы журнал ғой,
Қанаты қырқылып құрыған ғой.
— Жо, жоқ. Ол — мықты,
Кезінде талай
Бюрократтардың көзін құртты.
Міне, солар мына заманда,
Нарықты пайдаланып табанда,
Іштен шала берді.
“Араны” мүлде жоқ қылғысы келді.
Қанша жапса да жала,
“Араның” аты — “Ара”.
Тайсалмай тұрып,
Алысқа кетті дара.
Сөйтіп жеңіп шықты,
Мықтының аты қашанда — мықты!
Жарайсың, “Ара”!
Жасай бер, “Ара”!

ЖАРЫЛҚАСЫН ДӘУЛЕТОВКЕ

Құрып “Қақпан”
Алысып жатқан —
Ол кім?
— Жарылқасын!
Сипап қойып мұртын,
Күлкіге қарық қылар жұртын.
Ол кім?
— Сатирик — Жарылқасын!

“Сүзегенмен” сүзеді,
Бұзықтарды түзеді.
Ол кім?
— Редактор — Жарылқасын.

Микрофоны қолында,
Қыздар оның соңында.
Ол кім?
— Асаба — Жарылқасын!

Сегіз қырлы, бір сырлы,
... Әлі жоқ бірақ қыз құрлы.
Ол кім?
— Құдайым-ау, ол Дәулетов қой,
Дәл өзі — Жарылқасын!

Б.ИБРАГИМОВКЕ

“Айн, свайн, драйн,
Айн, свайн, драйн.
Айт-два, айт-два”,
— Балам-ау, бұл не?
Фашистер кіріп келген бе?
— Жоқ, ата, бұл — “Бауыржан-шоу”.
— Оу,
Көдімгі “Тамашаның” тарланы —
Өзіміздің Баукең бе?
— Иә, қазір “Бауыржан-шоу”,
“Айн, свайн, драйн
Айн, свайн, драйн”
— Ә, пәтшағар, түлеп ұштым де,
Өз жолыма түстім де.
Олай болса: — Хай, Бауыржан, хай!

КӨПЕН ӘМІРБЕККЕ

Сатираның сардары —
Көпен ғой ол бүгінде.
Келе жатыр Көпенің —
Күлімде, халқым, күлімде!

ТОЛЫМБЕК ӘЛІМБЕККЕ

*Тойған қозыдай томпиып,
Екі бүйірі бұлтшып,
Келе жатқан бұл кім?*

— Толымбек.

— Дұрыс.

*Той болса да таң атқанша,
Күлдіреді көзінен жас аққанша.*

Ол кім?

— Толымбек.

— Дұрыс.

“Тамашада” өз-өзіне сенімді,

Көтереді көңілді.

Ол кім?

— Толымбек.

— Дұрыс.

Сөзіңнен тосып,

Жіберер осып.

Ол кім?

— Толымбек.

— Дұрыс.

Жаңылмаған жағы...

— Таптым, таптым,

Толымбек қой тағы.

— Дұрыс.

* * *

Ұстазым жайлы

Жазғаным дұрыс.

Бітті бір іс.

ҚАЛАМДАСТАР ҚАЛЖЫҢЫ

Бірде Сайлау Пернебай жас журналистің үйіне барады. Өздері жаңадан үйленген жас отбасы дастарханға барын салып, Сәкенді қонақ етеді. Ет асылып, сорпа келеді. Осы кезде үй иесі: “Тамақ астынан алып отырайық”, — деп ішімдік алып келіпті. Жас отбасы болған соң, кемшіліксіз болушы ма еді. Жаңағы жігітіміз сыраға лайықтау саптаятын шығарса керек. Сонда бәрін байқап отырған Сәкен:

— Шырағым, сен де сіңірі шыққан кедей екенсің, — дейді. “Кедейсің” — деген сөзге шамданып қалған жас жігіт жаймажан:

— Оны қайдан білдіңіз? — деп сұрайды.

Сонда Сәкен:

— Қарағым дәулетті болсан, етті бүйтіп, мол аспас едің, шақтап қана асып, қамыр нанның бетіне аздап қана турар едің. Бұл — бір. Екіншіден, арақ құяр ыдысың да оймақтай ғана болар еді, — депті.

* * *

Сәкенді көрсе бір сөйлетіп қалуға құмар інісі бірде оған:

— Сәке, “сізді арақты қойып кетті” деген рас па? — деп сұрапты. Сонда Сәкен:

— Өзім ақша шығарып арақ ішуді қойғаным рас, — деген екен.

* * *

Тағы бірде сол інісі сыраның жанына өтіп бара жатып Сәкеңе қутындап қарап:

— Сәке, шөлден өлетін болдық қой, сыра ішпейміз бе? — десе керек. Сонда Сәкен інісін жақтырмаған пішінмен:

— Сен өзі сіркені семіртіп, бит өсіретін жігітсің-ау, тек тұл-қозден сақтасын, — депті. Сөзден оңай сүрінгенін сезіп қалған інісі ағасын қоярда-қоймай өзі сыраhanaға сүйрелей жөнелсе керек.

* * *

Бір күні редакцияның алдынан Сәкен “Егемен Қазақстанда” істейтін ағасын жолықтырып қалады. Ағасы бір жерден ұрттап шықса керек, інісін көрген жерден-ақ қағыта:

— Әй, осы жастардың пейілі жаман, — депті. Сонда Сәкен:

— Е, несін айтасыз, өзіңізден кейінгілердің бәрі босбелбеу бейшаралар ғой. Тек, сіз сияқты нар тұлғалы, мәрт ағаларымыз аман болсын, — депті. Бұл сөзге елжіреп кеткен ағасы:

— Жүр, бүгін мен сыйлаймын сені, — деп буфетке қарай бастапты.

* * *

Бірде Сәкен жолдасының үйіне бармай ма. Көптен көрмеген жолдасы оны қабақ ашып қарсы ала қоймаса керек.

Дастарханы да жуық арада жайыла қоймапты. Салқын қарсы алған жолдасына ренжіген Сәкең орнынан тұрып, сыртқа беттепті. Артынан: “шәй қоятын едім ғой, қайда асықтың? — деген жолдасының сөзін жақтырмай:

— Құдай да қарғап отырған шығар, сендей баланы қайдан ғана таптырдым деп. Менің оған қосып алар ештеңем жоқ, — деп қайырылмастан үйден шығып кетсе керек.

* * *

Қай жерде болса да қағытамын деп сөзден ұстала беретін сол інісі бірде Сәкеңе окпелеген сыңай танытып:

— Аға, мен сізден өмір бойы таяқ жеп келемін, осы келемеждегеніңізді қойсаңыз етті, — деп өтініш жасапты. Сонда Сәкең ыңыранып:

— Саңырауға сөз жетпейді, жаманға көз өтпейді, — депті мақалдата.

* * *

Сәкең бірде жолдасының үйіне барады. Жаңағы жолдасы Сәкеңе: “Қонақсыз ғой, мына еттен турап жей беріңіз”, — деп қолына қолақпандай қаракесек ұстатады. Сәкең әбден сүрленген етті турап жейін десе, пышағы құрғыр оңайлықпен өте қоймайды. Сонда тиіспесе тілі қышып отыратын Сәкең:

— Мынауың соғым соятын пышақ екен-ау, жарықтық, — депті. Мұның бұл сөзіне жолдасының әйелі мырс ете қалады. “Сасқан үйрек артымен сүңгиді,” — демекші, қызарақтап қалған қожайын:

— Сәке, темір атаулының жаманы болмайтынын білмеуші ме едіңіз, — депті.

Сонда Сәкең:

— Дұрыс айтасың, пышақтың жазығы жоқ, әңгіме соның қожайынында болып тұр ғой, — десе керек.

— Дұрыс айтасың, пышақтың жазығы жоқ, әңгіме соның қожайынында болып тұр ғой, — десе керек.

— Дұрыс айтасың, пышақтың жазығы жоқ, әңгіме соның қожайынында болып тұр ғой, — десе керек.

— Дұрыс айтасың, пышақтың жазығы жоқ, әңгіме соның қожайынында болып тұр ғой, — десе керек.

— Дұрыс айтасың, пышақтың жазығы жоқ, әңгіме соның қожайынында болып тұр ғой, — десе керек.

— Дұрыс айтасың, пышақтың жазығы жоқ, әңгіме соның қожайынында болып тұр ғой, — десе керек.

— Дұрыс айтасың, пышақтың жазығы жоқ, әңгіме соның қожайынында болып тұр ғой, — десе керек.

— Дұрыс айтасың, пышақтың жазығы жоқ, әңгіме соның қожайынында болып тұр ғой, — десе керек.

— Дұрыс айтасың, пышақтың жазығы жоқ, әңгіме соның қожайынында болып тұр ғой, — десе керек.

— Дұрыс айтасың, пышақтың жазығы жоқ, әңгіме соның қожайынында болып тұр ғой, — десе керек.

— Дұрыс айтасың, пышақтың жазығы жоқ, әңгіме соның қожайынында болып тұр ғой, — десе керек.

— Дұрыс айтасың, пышақтың жазығы жоқ, әңгіме соның қожайынында болып тұр ғой, — десе керек.

— Дұрыс айтасың, пышақтың жазығы жоқ, әңгіме соның қожайынында болып тұр ғой, — десе керек.

— Дұрыс айтасың, пышақтың жазығы жоқ, әңгіме соның қожайынында болып тұр ғой, — десе керек.

— Дұрыс айтасың, пышақтың жазығы жоқ, әңгіме соның қожайынында болып тұр ғой, — десе керек.

— Дұрыс айтасың, пышақтың жазығы жоқ, әңгіме соның қожайынында болып тұр ғой, — десе керек.

БІРҚАҚПАЙЛАР

БІЛІМДІ

Мен білімді боламын,
Мектепке күнде барамын.
Әріптерді жаттап-ап,
Жазу жаза аламын.

Мұғалімді сыйлаймын,
Мектебімді қымаймын.
Он жыл оқып осында,
Бойыма білім жинаймын.

Есепті өзім шығарам,
Сандардың бәрін білемін.
Кілтін ашылса бұл ғалам,
Еш қиналмай жүремін,
Бақытты өмір сүремін.

ОСЫ ДҰРЫС ПА?

Қанат тілді алмайды,
Топыраққа аунайды.
Күн сайын бір сылтаумен,
Балабақшаға бармайды.

Тазалықты білмейді,
Үсті лезде кірлейді.
Күні бойы доп ойнап,
Үйге еш кірмейді.

Кешке қарай қалжырап,
Басы төмен салбырап.
Қанат үйге келеді,
Ұйқысы кеп маужырап...

ҮЛГІЛІ ҰЛАН

Ертеңменен тұрамын,
Беті-қолды жуамын.
Киініп ап малдарды,

Өріске айдап қуамын.
Үлкендерді сыйлаймын,
Төсегімді жинаймын.
Бөпелерді жұбатып,
Уатамын, ұрмаймын.
Атамменен ілесіп,
Шөп те оруға барамын.
Күш жиямын, күнде өсіп,
Таудай менің талабым!

ҮЛГІЛІ БАЛА

Тәртіпті мен бұзбаймын,
Партаға жазып, сызбаймын.
Сабағымды оқимын,
Көңілге білім тоқимын.

Жақсы өмір кешемін,
Шашылмайды төсегім.
Еден жуып, үй жинап,
Үлгілі боп өсемін!

БӨПЕШІМ

Тәй-тәй басқан, бөпешім,
Тәй-тәй басып келші сен.
Көтеріп-ап көкешің
Ойнатады, сенші сен.

Былдыр-былдыр етесің,
Түсінбей әлек көкешің.
Көтеріейін десем мен,
Неге қашып кетесің?

МАДАҚТАМАЛАР

Сенди тамақ ішпейді,
Мамасы болса, "іш" дейді.
Болмаған соң анасы
"Тамақ іш", деп күштейді,
Сонда да Сенди ішпейді.

Санат болса, қашпайды,
Тамағын ішіп тастайды.
"Ас — адамның арқауы",
Үлкен іске бастайды.

* * *

Санат біздің қуанғыш,
Сенди болса — тіл алғыш.
Нұрсан жылай береді,
Кім оны жақсы көреді?

ҚИЯЛ

Бұзау үстіне мініп ап,
Шапқым келіп кеткені.
Жанына жетіп мен жайлап,
Үстіне мінсем біткені.

Астымдағы бұзауым —
"Арғымақ" болып кетеді.
Бір айлық алыс жерлерге
Бір-ақ күнде жетеді.

Алпамысша айбарлы
Жауларымды шабамын.
Ақырында жеңіп мен,
Сұлуымды табамын.

Елге оралам олжалы:
Күміс теңге, алтын бар,
Байлығымды қолдағы
Таратып берер халқым бар.

... Осылайша қиялдап,
Қарғып міндім "атыма".
Ол болса, қатты мөңкіп қап,
Жалп еткізді тақырға.

ҚҰМЫРСҚА

Жазда көзді ілмейтін,
Жалқаулықты білмейтін,

Құмырсқа деген мен болам,
Ерінуді білмейтін.

Дәнді тасып ініме,
Тау қып жиып аламын.
Қорықпаймын қысыңнан,
Мен құмырсқа боламын!

МЫСЫҚ ПЕН КҮШІК

Ой, неткен, тамаша,
Көз тояр қараса!
Мысықтың баласы
Ойнап жүр күшікпен —
Бір жіпке таласа.
Жүрсе ғой мәңгілік
Осылай жараса!

КҮШІГІМ

Күшігім менің шәуілдеп,
Жанымда ылғи жүреді.
Малды көрсе болғаны,
Артынан қуып үреді.

Өзі тіпті, ақылды-ақ,
Жерден тамақ ішпейді.
Бөтен келсе жақындап,
Балағынан тістейді.

ҚОШАҚАН

Секіріп тау тасқа,
Шапқылайды қошақан.
“Абайла” деді енесі,
“Жығылып қалма, ботақан”!
Қошақан-ау, қошақан,
Ене тілін алсайшы.
Бола бермей қашақан,
Тентектікті қойсайшы!

ЖҰМБАҚТАР

Инеліктен аумайды,
Жаны жоқ оның бірақ та.
Адам менен жүк тасып,
Жеткізеді жан-жаққа

(Тікушак)

Кішкене таяқ,
Аузына таяп,
Сөйлесең болды —
Жаңғырып жаяд.

(Микрофон)

Қосады, алады,
Көбейтіп, бөледі.
Не керек, лезде —
Есептеп береді.

(Калькулятор)

Отынға тоймайды,
Іші жанып кетсе де
Жеуін еш қоймайды.

(Пеш)

Корінбей жатты,
Аяқтан қапты.

(Қақпан)

Суға батып,
Корінбей кетеді,
Діттеген жеріне,
Адаспай жетеді.

(Сүңгуір қайық)

Танк деуге болады,
Шынжыры жоқ бірақ та.
Оқ атпайды ешқашан,
Жүрсе-дағы жырақта.
Бейбітшілікті сүйеді,
Зияны жоқ ешкімге.
Түртіп қалсаң қорғайтын,
Қабығы бар үстінде.

(Тасбақа)

МАЗМҰНЫ

АЛҒЫСӨЗ. Күлкің әрі шынайы, әрі сыпайы болсын!	3
I БӨЛІМ. ЖЫМИЯСЫҢ, ҚАРЫНДАС	5
1. Әйелдер-ай!	6
2. Жар таңдау	6
3. Ауыз бең асқазан	8
4. Төбет пен Күшік	9
5. Әріп үйрету (нарық әліппесі)	11
6. Болашақ бала	12
7. Бизнеске баулу немесе балаға әріп үйрету	13
8. Домбыра мен скрипка	15
9. Түрмеге түсіп қалғаны	17
10. Қызғыш құс (Махамбетше)	18
11. Патша ағзам жарлығы (мысал)	19
12. Үндеме, Серік, үндеме!	20
13. Бейімбет Майлинше	21
14. Санамақ	23
15. 8-наурызбен құттықтау	24
16. Жұбату	25
17. Арақ пен Лимонад	26
18. Есеп білмеген есек немесе қосуды үйрету	28
19. Әлін білмеген әлек (мысал)	29
20. Қыз қиялы	30
21. Бизнесмен	31
22. Әке мен бала (2-түрі)	32
23. Егер де мен	34
24. Өлуге де очередь (Махамбетше)	35
25. Ұзын сөздің қысқасы	36
26. Бесплатно бит жок	38
27. Тамұқтан келген хат	40
28. "Қарадомалақ – 2000"	41
29. Өннің өлегі	43
30. Мәриә бізге келе ме?	45
31. Оң мен түс (өзіл-шыны аралас)	47
32. Дозакпен де дос болдым	49
II БӨЛІМ. КЕЛ, КҮЛЕЙІК, ЖІГІТТЕР	53
33. Курстастар қалжыны	54
34. Мұхтар Атабековке	58
35. Мұрат Қожамқұловқа	58
36. Бақытжан Қосбармақовқа	59
37. Серік Мұқашқа	60
38. Ермахан Әбдірамановқа	60
39. Нұржан Құсайыновқа	61
40. Ғабит Мүсірепке	61
41. Бауыржан Ғабдуллинге	61
42. Қаныбек Әбдуевке	62
43. Нұрлан Қалкаевқа	63
44. Студенттер өзілі	63

45. Езу тартар	64
46. Марадона – Қазақстанда	68
47. Елсін – қазақ	68
48. Орыстанып кеткендер	69
49. Колбин – мұсылман	69
50. Естірту	69
51. Күйік	69
52. Лажсыздық	70
53. Жуу	70
III БӨЛІМ. ӨЗІЛІНІЗ ЖАРАССА	71
54. Сөлім ініме	72
55. Көсемәліге	72
56. Абдолла Бақбергеновке	73
57. Ғазизаға	74
58. Мәдинаға	74
59. Ларисаға	75
60. Ес-ағаға	75
61. Телгараға	75
62. Асекеңе	76
63. Наймбекке	76
64. Майраға	76
65. Карлығашқа	77
66. Ержанға	77
67. Нәзилаға	77
68. Күләшқа	77
69. Гүлсім мен Қалияға	78
70. Әлмұқан ағаға	78
71. Бекенге	78
72. Тимурға	78
73. Даниярға	78
74. Ермекке	79
75. Қуат Борашевқа	79
76. Серік Әбдуәліге	80
77. Асқаржан Сәрсекке	81
78. Сері жігіт (Серік Қалиевке)	81
79. Ағайынға базарлық	82
80. Болат Жұмаділов пен Ислам Байрамуковке	82
81. Ермахан Ыбырайымовқа	82
82. Аман Малдыбаевқа	83
83. Әлдіхан Қалдыбаевқа	83
84. М.Шерімовке	83
85. Жасай бер, "Ара!"	84
86. Жарылқасын Дәулетовке	84
87. Б.Ибрагимовке	85
88. Көпен Әмірбекке	85
89. Толымбек Әлімбекке	86
90. Қаламдастар қалжыны	86
91. Бірқакпайлар	89
92. Жұмбақтар	93

Осы кітапты шығаруға қол ұшын созған Қызайбай мен Сәкен
бастаған Орынбай дәулетіне ризашылығымды білдіремін.

Автор.

Бақытжан СОВЕТҰЛЫ

МЕН ДЕ БІРДЕҢЕ ДЕЙІНШІ...

Редакторы С.Қосан

Техникалық редакторы А.Бердиева

Көркемдеуші редакторы С.Сайын

Теруге 15.07.04. жіберілді. Басуға 13.07.05 жс. Қол қойылды.

Пішімі 84x108/32. Қаріп түрі "Таймс". Көлемі 6 б.т. Таралымы
1000 дана. Тапсырыс

"Информ-А" баспасы, 480044, Алматы қаласы, Қалдаяқов көшесі,
17 үй. Тел.: 8.(3272) 73-12-64.



Бақытжан СОВЕТҰЛЫ

1966 жылы Жамбыл облысы,
Меркі ауданында туған.

1993 жылы ҚазҰУ-ды бітірген.

1991-1993 ж.ж. Республикалық
“Санат” баспасында редактор
болып істеген.

1993-95 ж.ж. “Ара-Шмель”
журналында жүргенде журнал
жабылып, Жамбылға қарай
жөнелген. Содан бері облыстық
телеарна мен “Қазақстан” Ұлттық
телеарнасында меншікті тілші.
Енді бүгін қайып жұртының
арқасында алғашқы туындысын
оқырманға ұсынып, “бірдеңе
дейінші” деп отыр.

